



Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 16 сәуірде № 18539 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 79 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.09.2023 № 79 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 60) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Қуандықов Ә.Ә.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 30 наурыздағы
№ 42 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 60) тармақшасына, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 5-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау – бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк), басқа да мемлекеттік органдар өз құзыреттері шеңберінде және уәкілетті банктер экспорттаушылардың немесе импорттаушылардың экспорт немесе импорт бойынша шетел және (немесе) ұлттық валютаны репатриациялау талабын (бұдан әрі – репатриациялау талабы) орындауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын шаралар кешені.

Қағидаларда:

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша есептік нөмірлерді алу;

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау;

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша ақша қозғалысының және міндеттемелердің өзге де орындалуының мониторингі;

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеуден алу тәртібі қамтылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда қолданылған ұғымдар Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңда және "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағыналарда пайдаланылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тіркеу журналы – есептік нөмірлер берілген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды тіркеу үшін есептік тіркеу банкі жүргізетін журнал;

2) есептік тіркеу – экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру, осындай шарт шеңберінде міндеттемелердің орындалуы жөнінде есеп жүргізу және есептілік ұсыну;

3) есептік тіркеу банкі – репатриациялау талабының орындауын бақылау үшін есептік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы;

4) есептік нөмір – экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа берілген және валюталық операциялар бойынша есеп пен есептілікті қамтамасыз етуге арналған сәйкестендіру нөмірі;

5) репатриациялау мерзімі – экспорттаушы немесе импорттаушы тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындау талаптары негізінде есептейтін:

экспорт күні мен экспортты төлеуге валюта келіп түскен күн;

импорт бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы күні мен бейрезидент міндеттемелерін орындамаған және (немесе) толық орындамаған жағдайда импорт бойынша пайдаланылмаған аванстық төлем қайтарылған күн;

импорт бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы күні мен валюталық шартта пайдаланылмаған аванстық төлемді қайтару мерзімі болмаған жағдайда импорт күні арасындағы уақыт кезеңі;

б) экспорттаушы немесе импорттаушы – экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт жасаған, сондай-ақ экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша талап қоюдың өтуі нәтижесінде бейрезидентке талап қою құқығын қабылдаған немесе осындай шарт бойынша борышты аудару нәтижесінде бейрезидент алдындағы борышты қабылдаған Қазақстан Республикасының резиденті (занды тұлға, оның филиалы, сондай-ақ дара кәсіпкер).

3. Валюталық бақылау құжаттары репатриациялау талабының орындауын бақылауды жүзеге асыру кезінде қағаз тасымалдағышпен немесе электрондық тәсілмен түскен ақпарат және (немесе) құжаттар, оның ішінде орындалған жұмыстар актілері, көрсетілген қызметтер актілері, нақты өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер, үшін шот-фактуралар, инвойстар, тауарларға арналған декларациялар, жанама салықтарды төлеу немесе қосылған құн салығынан және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштер (бұдан әрі – тауарларды әкелу туралы өтініш), жанама салықтардың төлену фактісін растау туралы хабарлама (босату не төлеудің өзге тәртібі), шетелдік банкте ашылған шот бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме, салыстырып тексерулер актілері және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына сәйкес басқа құжаттар болып табылады.

4. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер экспортының немесе импортының күні:

1) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кеден шекарасы арқылы өткізген кезде – тауарлардың шығарылған, тауарларға арналған декларациясында көрсетілген, сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын тауарды кедендік рәсіммен орналастыруды растайтын күні;

2) тауарларды Одақтың кедендік аумағының ішінде өткізген кезде: импорт үшін – тауарды есепке қабылдаған, тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген күн;

экспорт үшін – шот-фактураның тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген күні;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген жағдайларда: өзара сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын тауардың кедендік рәсіммен орналастырылуын растайтын тауарларға арналған декларацияда көрсетілген, тауарлардың шығарылған күні – егер тауарларға арналған декларация ресімдесе;

тауарлардың берілуін, жұмыстардың орындалуын, қызметтердің көрсетілуін растайтын құжаттарға қол қойылған (қабылданған) күн;

нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактураның, инвойстың берілген күні;

жұмыстардың орындалғанын, қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжаттарға қол қоюды (қабылдауды) және нақты орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін шот-фактура, инвойс беруді көздемейтін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні болып табылады.

5. Тауарларды экспорт немесе импорт үшін Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізу:

1) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) Одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына (аумағынан) өткізу;

2) Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік рәсімдердің бірімен орналастырылған тауарларды Одақтың кедендік шекарасынан өткізу болып табылады.

6. Қағидаларда көзделген ақпаратты Ұлттық Банк, мемлекеттік кірістер органы немесе уәкілетті банк берілетін деректердің конфиденциалдылығын және бірдейлігін қамтамасыз ететін, криптографиялық қорғаныш құралдары бар

ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалану не электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.

7. Қағидаларда көзделген ақпаратты Ұлттық Банктің аумақтық филиалы, мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі немесе уәкілетті банк (оның филиалы), экспорттаушы немесе импорттаушы қағаз тасымалдағышпен не электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімдерін немесе "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 56-бабының 5-тармағына сәйкес қорғаныш қимылдарының басқа элементтерін сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.

Экспорттаушы немесе импорттаушы өзге тәсілмен ұсынған ақпарат және (немесе) құжаттар кейіннен Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігіне сәйкес жіберіледі. Экспорттаушы немесе импорттаушы ақпаратты және (немесе) құжаттарды әртүрлі тәсілмен ұсынған кезде күндердің ішіндегі ең ертесі ақпаратты ұсыну күні болып саналады.

8. Егер Қағидаларда белгіленген мерзім жұмыс істемейтін күні аяқталса, онда ақпаратты (есептерді, мәліметтерді) және (немесе) құжаттарды ұсыну күні болып одан кейінгі жұмыс күні саналады.

Ақпаратты және (немесе) құжаттарды қағаз тасымалдағышпен ұсыну күні болып ақпаратты және (немесе) құжаттарды адресат алған күн немесе оның пошта штемпеліндегі жөнелту күні саналады.

9. Ақпаратта және (немесе) құжаттарда мөр бедерінің болуы жөніндегі талап жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларға қолданылады.

2-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша есептік нөмірлер алу тәртібі

10. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың сомасы Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) 50 000 (елу мың) долларының баламасынан асатын болса, осындай шартқа есептік нөмір беріледі.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартта оны жасаған күні шарттың сомасы көрсетілмесе, онда осындай шарт есептік тіркеуге жататын шарт ретінде қаралады.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт АҚШ долларынан өзгеше валютамен көрсетілсе және осындай шартта АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқау көрсетілмесе, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың АҚШ долларымен көрсетілген сомасының баламасын

айқындау үшін қайта есептеу валюталар айырбастаудың шартқа қол қою күнгі (ол болмаған жағдайда – шарт күшіне енгізілген күнгі) нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

11. Экспорттаушы немесе импорттаушы есептік нөмір алу үшін тараптардың бірі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін есептік нөмірді алу үшін өтініш жасайды.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды оның бейрезидент қатысушысы бірінші болып бастаса және осындай орындау резидент экспорттаушының немесе импорттаушының пайдасына мүлікті беруге (ақшаның түсуіне) байланысты болса, онда осындай резидент мүлікті (ақшаны) өзінің иелігіне алғанға дейін есептік тіркеу үшін өтініш береді.

Егер бейрезидент қатысушы шет мемлекеттің аумағында тараптардың бірі азаматтық әуе кемелерінің пайдаланушысы сертификаты бар резидент заңды тұлға болып табылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) импорты жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бірінші болып бастаса, онда резидент бейрезидент міндеттемелерін орындағаннан кейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде, бірақ резидент міндеттемелерді орындауды бастаған күннен кешіктірмей валюталық шартты есептік тіркеу үшін өтініш береді.

Талап қоюдың өтуі нәтижесінде немесе борышты аудару нәтижесінде бейрезидентке талап қою құқығын қабылдаған немесе бейрезидент алдындағы борышты қабылдаған экспорттаушы немесе импорттаушы есепті тіркеу үшін осындай талап ету құқығы немесе борыш қабылданған күннен бастап, бірақ тараптардың кез келгені өткізілген талап (аударылған борыш) бойынша міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өтініш жасайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.12.2019 № 257 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Есептік тіркеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына қызмет көрсететін уәкілетті банкте (оның филиалында), – егер барлық төлем және (немесе) ақша аударымы экспорттаушының немесе импорттаушының уәкілетті банктегі (оның филиалындағы) шотын пайдалана отырып жүзеге асырылса;

2) экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына қызмет көрсететін уәкілетті банкте (оның филиалында), – егер төлемдер және (немесе) ақша аударымдары уәкілетті банкте (оның филиалында) және сол сияқты шетел банкінде ашылған шоттары пайдалана отырып жүзеге асырылса;

3) экспорттаушының немесе импорттаушының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалында – егер барлық төлем және (немесе) ақша аударымы экспорттаушының немесе импорттаушының Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 9-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген шетел банкіндегі шотын пайдалана отырып жүзеге асырылса.

13. Есептік нөмір алу үшін экспорттаушы немесе импорттаушы уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартын валюталық бақылауға қабылдау туралы өтінішті;

2) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт шет тілінде жасалса, онда оны қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалында есептік нөмір алған кезде, экспорттаушы немесе импорттаушы қол қою үлгілері бар құжатты қосымша ұсынады.

14. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартын валюталық бақылауға қабылдау туралы өтініште Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес репатриациялау мерзімін есептеу тәртібіне сәйкес репатриациялау мерзімі көрсетіледі.

Егер репатриациялау мерзімін экспорттаушы немесе импорттаушы 360 (үш алпыс) күннен асатын мерзім деп белгілесе (бастапқыда не валюталық шартты өзгерту нәтижесінде), уәкілетті банк "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) талаптарына сәйкес әзірленген ішкі қағидаларға сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына талдау жасауды жүзеге асырады.

15. Уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкері экспорттаушы немесе импорттаушы қажетті құжаттарды берген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналында тіркейді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт түпнұсқасының немесе көшірмесінің бірінші немесе соңғы парағында уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкерінің қойған қолымен расталып, тегі мен инициалдары көрсетіле отырып, есептік нөмірі, оны берген күн, уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банктің

аумақтық филиалының атауы, экспорттаушы немесе импорттаушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Есептік нөмір берілгені туралы белгі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт көшірмесінің бір данасы уәкілетті банкте (оның филиалында) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалында қалады.

Электрондық құжат айналымы кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың электрондық көшірмесін ұсынады. Уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының уәкілетті қызметкері ішкі актіде белгіленген тәртіппен электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған есептік нөмір береді және экспорттаушыға немесе импорттаушыға экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілгені туралы еркін нысанда хабарлайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы:

1) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартта Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарына қайшы келетін талаптар болған;

2) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмір алуға өтініштегі қойылған қолы қол қою үлгілері бар құжаттағы қол қою үлгісіне сәйкес келмеген;

3) КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабының 1-тармағына сәйкес есептік нөмір беруден бас тартады.

17. Есептік нөмір беру:

1) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банк Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы қолма-қол ақша алып өткен кезде;

2) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банк шетел банктеріндегі металл шоттарына орналастыру үшін бағалы металдарды әкеткен кезде;

3) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банк Қазақстан Республикасының аумағына бағалы металдар әкелген кезде;

4) ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары немесе Қазақстан Республикасының кепілдік беруімен қамтамасыз етілген сыртқы қарыздар есебінен жүргізілетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар үшін;

5) Қазақстан Республикасының төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын мемлекеттік органдарының бөлімшелері (ведомстволары) арқылы

жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелерімен және мемлекеттік кәсіпорындарымен жасалған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар үшін;

6) уәкілетті банк және өзге қаржы ұйымдары-резиденттер бейрезиденттермен жасаған, қызмет көрсету көзделетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар үшін;

7) электрондық ақшаны сатып алу немесе өтеу көзделетін валюталық шарттар үшін;

8) талаптарында Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарлар алып өту көзделмейтін тауарлар экспорты немесе импорты жөніндегі валюталық шарттар үшін талап етілмейді.

18. Уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы әрбір экспорттаушы немесе импорттаушы бойынша досьені түсуіне қарай ақпараттан және (немесе) валюталық бақылау құжаттарынан қалыптастырылатын есептік нөмірлер бойынша жүргізеді. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша электрондық досье жүргізуге рұқсат етіледі.

3-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау тәртібі

19. Есептік нөмір алу талабы қолданылатын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын экспорттаушы немесе импорттаушы банк шотына қызмет көрсететін уәкілетті банк (оның филиалы) арқылы жүзеге асырады.

Осындай шарт бойынша басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) ақша түскен кезде соңғысы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген уәкілетті банкке (оның филиалына) экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті нұсқауы (төлем құжаты) негізінде түскен ақшаны бірмезгілде аударып отырып, өзінің резидент клиентінің банктік шотына есепке алады. Экспорттаушы немесе импорттаушы ақша аударуға арналған нұсқауға есептік нөмір беру туралы белгі қойылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт парағының көшірмесін не валюталық шартқа есептік нөмір беру туралы еркін нысандағы хабарламаның көшірмесін қоса береді.

Қағидалардың 12-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, экспорттаушыға немесе импорттаушыға экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын уәкілетті банк (оның филиалы) арқылы емес жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

20. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт АҚШ долларынан өзгеше валютамен көрсетілсе, бейрезиденттің орындамаған міндеттемелерінің

сомасы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен, оны кейіннен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күніндегі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып, АҚШ долларымен қайта есептей отырып, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен есептеледі. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару мақсаты үшін орындалмаған міндеттемелердің сомаларын АҚШ долларына қайта есептеу осындай шартты есептік тіркеуден шығару күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт міндеттемелерді орындау валютасынан өзгеше валютамен көрсетілсе және осындай шарттың тараптары міндеттемелерді орындау валютасын шарттың валютасына қайта есептеу бағамын айқындамаса, орындалған міндеттемелердің сомаларын шарттың валютасына қайта есептеу міндеттемелерді орындау күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен сәйкес келмесе, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасымен түскен соманы есепке алу:

1) төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасына қайта есептеудің осындай шарттың тараптары айқындаған бағамына сәйкес;

2) егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың тараптары төлемнің және (немесе) ақша аударымының валютасын осындай шарттың валютасына қайта есептеу бағамын айқындамаса, төлем және (немесе) ақша аударымы күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамына сәйкес жүзеге асырылады.

Бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерінің шетел валютасымен көрсетілген сомасын ұлттық валютамен қайта есептеу репатриациялау мерзімі аяқталған күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

21. Егер тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайда, экспорттаушы немесе импорттаушы ақпаратты және растайтын құжаттарды (бар болса) есептік тіркеу банкіне ұсынады.

Ақпараттар және (немесе) құжаттар бейрезиденттің экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің сомасы баламасы 50

000 (елу мың) АҚШ долларынан асқан репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күнінен кешіктірмей ұсынылады.

22. Егер репатриациялау мерзімі аяқталып, ал бейрезиденттің экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерінің сомасы 50 000 (елу мың) АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы репатриациялау мерзімі аяқталғаннан кейінгі айдың 5 (бесінен) кешіктірмей экспорттаушыға немесе импорттаушыға:

1) репатриациялау талаптарын орындауды қамтамасыз етпеу себептері туралы ақпаратты;

2) бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлардың басталғандығын растайтын құжаттарды ұсыну туралы еркін нысандағы сұратуды жібереді.

23. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы уәкілетті банктен Қағидалардың 32 және 43-тармақтарына сәйкес ақпаратты алған жағдайда экспорттаушыға немесе импорттаушыға:

1) репатриациялау талаптарын орындауды қамтамасыз етпеу себептері туралы ақпаратты;

2) бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлардың басталғандығын растайтын құжаттарды;

3) бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындауын растайтын құжаттарды ұсыну туралы еркін нысандағы сұратуды жібереді.

24. Қағидалардың 22 және 23-тармақтарына сәйкес сұратылған ақпараттар және (немесе) құжаттар сұратуды алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде экспорттаушыға немесе импорттаушыға беріледі.

25. Экспорттаушы немесе импорттаушы қағаз тасымалдағышта ұсынатын валюталық бақылау құжаттары уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша экспорттаушының немесе импорттаушының мөрімен (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) және қолымен куәландырылады.

Шет тіліндегі валюталық бақылау құжаттары (олардың көшірмелері) уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша экспорттаушының немесе импорттаушының

мөрімен (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) және қолымен куәландырылған, қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріле отырып ұсынылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы және ұйымынан құжаттар шығатын мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, экспорттаушы немесе импорттаушы ұсынатын, шет мемлекеттің ұйымдарынан шығатын құжаттар консулдық заңдастыру болған кезде қарау үшін қабылданады.

26. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 21, 22 және 23-тармақтарына сәйкес экспорттаушы немесе импорттаушы ұсынған ақпарат және растайтын (бар болса) құжаттар немесе олардың көшірмелері негізінде 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жазалау іс-әрекетінің белгілері болмаған кезде экспорттаушының немесе импорттаушының іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болуы туралы мәселені қарайды.

Қылмыстық жазалау іс-әрекетінің белгілері болған кезде Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген олардың өкілеттіктеріне сәйкес ақпаратты құқық қорғау органдарына жібереді.

27. Басқа банкке ауысқан кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша жаңа есептік нөмір берілмейді.

Экспорттаушы немесе импорттаушы алдыңғы есептік тіркеу банкіне:

1) басқа банкке өтуге байланысты экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылаудан алу туралы еркін нысандағы өтінішті;

2) басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына оның сұратуы бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпаратты еркін нысанда беруге жазбаша келісімді (бұдан әрі – экспорттаушының немесе импорттаушының жазбаша келісімі) ұсынады.

28. Алдыңғы есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылаудан алу туралы өтінішті алғаннан кейін осындай шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырмайды.

29. Экспорттаушы немесе импорттаушы жаңа банкке өту мақсатында:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау туралы өтінішті;

2) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Электрондық құжат айналымы кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың электрондық көшірмесін ұсынады.

Жаңа есептік тіркеу банкі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа бұрын алдыңғы есептік тіркеу банкі берген есептік нөмірді тіркеу журналына енгізеді.

Жаңа есептік тіркеу банкі алдыңғы есептік тіркеу банкіне Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау туралы өтінішті алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде экспорттаушының немесе импорттаушының жазбаша келісімі негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат ұсыну туралы еркін нысандағы сұратуды жібереді.

30. Алдыңғы есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) жаңа есептік тіркеу банкінен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат ұсыну бойынша сұратуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) жаңа есептік тіркеу банкі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы еркін нысандағы ақпаратты;

2) Ұлттық Банк есептік тіркеуден шығару туралы мәліметтерді көрсете отырып, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты жібереді.

31. Жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) алдыңғы есептік тіркеу банкінен экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпаратты алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты алуға сұратуды жібереді.

Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа есептік тіркеу банкіне Ұлттық Банктегі мынадай:

1) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы;

2) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар қозғалысы туралы;

3) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық шот-фактуралар бойынша;

4) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты жібереді.

32. Экспорттаушыда немесе импорттаушыда бейрезидентке экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша баламасы он мың АҚШ долларынан бастап 50 000 (елу мың) АҚШ доллары сомасына талаптары болған кезде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке іскерлік қатынастарды КЖТҚК туралы заңның 13-бабы негізінде бұзуға рұқсат беріледі.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк іскерлік қатынастарды бұзғанға дейін экспорттаушыға немесе импорттаушыға Қағидалардың 27 және 29-тармақтарына сәйкес іскерлік қатынастарды бұзу ниеті туралы еркін нысандағы және есептік тіркеу банкін өзгерту туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) жібереді.

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк экспорттаушыға немесе импорттаушыға хабарлама жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

33. Экспорттаушы немесе импорттаушы Қағидалардың 27 және 29-тармақтарына сәйкес есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен Қағидалардың 32-тармағында көзделген хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде есептік тіркеу банкінің өзгеруін қамтамасыз етеді.

34. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Қағидалардың 32-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң, егер Қағидалардың 42-тармағының 17) тармақшасы негізінде есептік тіркеуден алуға негіз болмаса, Қағидалардың 42-тармағының 22) тармақшасы негізінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылаудан алады.

4-тарау. Ақша қозғалысын және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелердің өзге де орындалуын мониторингтеу тәртібі

35. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есептік нөмірді тағайындау, есептік тіркеуден шығару, репатриациялау талаптарын орындауды бақылау рәсімдерін жаңарту күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жібереді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа бұрын жіберілген ақпаратты өзгертетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк құжаттарды қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді, оларға сәйкес осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

36. Ұлттық Банк Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты мемлекеттік кірістер органы өзінің ақпараттық жүйесіне күн сайын жіктеу үшін мемлекеттік кірістер органына күн сайын жібереді.

Тауарларды кедендік тазалау кезінде мемлекеттік кірістер органы аумақтық бөлімшесінің уәкілетті лауазымды тұлғасы Қағидаларға сәйкес есептік нөмірді беру талап етілетін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар декларациясында мәлімделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігіне сәйкес алынған есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратпен салыстырып тексереді.

Нақты ақпаратпен сәйкес келмеген жағдайда экспорттаушы немесе импорттаушы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарлар декларациясына тиісті түзетулер енгізеді.

37. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Ұлттық Банкке Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты міндеттемелер орындалған жағдайда мынадай мерзімдерде:

1) есепті айда төлем карточкаларын пайдаланбай экспорттаушының немесе импорттаушының уәкілетті банктегі (оның филиалындағы) банктік шоттары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру жолымен – есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесіне) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде;

2) төлем карточкаларын пайдалана отырып және (немесе) өзге тәсілмен төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру арқылы – экспорттаушы немесе импорттаушы не валюталық шартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банк растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынған айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне (қоса алғанда) дейін мерзімде жібереді.

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп айырысулардың вексельдік нысанын көздейтін есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі

ақпаратты уәкілетті банк Қағидалардың 58-тармағының бірінші бөлігіндегі 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жібереді.

38. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар декларациялары, электрондық шот-фактуралар, тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты алуға арналған электрондық сұратуды (бұдан әрі – электрондық сұрату) Ұлттық Банкке жіберу арқылы экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан алынған валюталық бақылау құжаттарын тіркейді, салыстырып тексереді.

Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктен алынған электрондық сұратуды мемлекеттік кірістер органына 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта жібереді.

Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке электрондық сұратуды алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде:

1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар декларациясы бойынша мәліметтерді көрсете отырып есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар қозғалысы туралы ақпаратты;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық шот-фактуралар бойынша ақпаратты;

3) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты жібереді.

39. Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке тауар декларациялары, электрондық шот-фактуралар, тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан оны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта жібереді.

Мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банкке мынадай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы:

1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар қозғалысы туралы ақпараттағы тауарлар декларациялары бойынша мәліметтерде – есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (онына) (қоса алғанда) дейінгі мерзімде;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық шот-фактуралар бойынша ақпаратты – электрондық шот-фактураларды өзгерту туралы мәліметтер түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

3) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органына бұрын жіберілген ақпарат бойынша тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштерге өзгерістер туралы ақпаратта – мемлекеттік

кірістер органына бұрын жіберілген ақпарат бойынша тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштерге өзгерістер туралы ақпарат түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Ұлттық Банк есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке тауарлар декларациялары, электрондық шот-фактуралар, тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты оны мемлекеттік кірістер органынан алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қайта жібереді.

40. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Ұлттық Банкке басқа валюталық шарт бойынша валюталық бақылау құжаттарын есепке алу қажеттілігі туралы экспорттаушының немесе импорттаушының еркін нысандағы өтініші негізінде, Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банктен бұрын алынған электрондық шот-фактуралар немесе тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша ақпаратты өзінің ақпараттық жүйесінен алып тастау туралы хабарламаны жібереді.

41. Ұлттық Банк мемлекеттік кірістер органын Қағидалардың 38 және 39-тармақтарына сәйкес мемлекеттік кірістер органынан бұрын алынған электрондық шот-фактуралар немесе тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша ақпаратты өзінің ақпараттық жүйесінен алып тастау туралы Қағидалардың 40-тармағына сәйкес уәкілетті банктен оны алған соң 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық тәсілмен хабардар етеді.

42. Мемлекеттік кірістер органы есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде ай сайын Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар қозғалысы туралы ақпаратты Ұлттық Банкке жібереді.

Ұлттық Банк Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты мемлекеттік кірістер органынан алған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны есептік тіркеу банктері болып табылатын уәкілетті банктерге жібереді.

43. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк, егер есепті айдың (репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың) соңғы күні бейрезиденттің есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша экспорттаушының немесе импорттаушының алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің сомасы баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын болса, есепті кезеңнен кейінгі айдың соңғы күніне (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік бақылау жеке карточкасын Ұлттық Банкке жібереді.

44. Уәкілетті банк (оның филиалы) баламасы 10 (он мың) АҚШ долларынан бастап 50 000 (елу мың) АҚШ долларына дейін (қоса алғанда) сомаға жасалған,

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар шеңберінде жүзеге асырылатын төлемдер мен (немесе) ақша аударымдарының мониторингін жүзеге асырады.

Егер осындай экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша экспорттаушы алған немесе импорттаушы жіберген ақшаның жалпы сомасы баламасы есепті кезеңде 100 000 (бір жүз) мың АҚШ долларынан асып кетсе, уәкілетті банк Ұлттық Банкке есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күніне дейін (қоса алғанда) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баламасы 100 000 (бір жүз) мың Америка Құрама Штаттарының долларынан асатын сомаға экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат жібереді.

45. Экспорттаушы немесе импорттаушы есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын шетелдік банктегі банктік шот арқылы жүргізген кезде есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмамына) (қоса алғанда) дейін уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе есептік тіркеу банкі болып табылатын Ұлттық Банктің аумақтық филиалына:

1) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік банктегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есепті;

2) шетелдік банктегі шот бойынша үзінді-көшірмені ұсынады.

46. Уәкілетті банктің (оның филиалының) ақпараттық жүйесінде экспорттаушы немесе импорттаушы валюталық бақылау құжаты ретінде ұсынған тауарлар декларациялары, электрондық шот-фактуралар және тауарларды әкелу туралы өтініштер болмаған кезде мемлекеттік кірістер органының аумақтық филиалы экспорттаушы немесе импорттаушы өтініш жасаған кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйесінде тауарлар декларацияларының, электрондық шот-фактуралардың және тауарларды әкелу туралы өтініштердің бар екендігі туралы ақпарат береді.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары және мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшелері арасында экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпаратты салыстырып тексеру 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 22-бабының 9-тармағына сәйкес қабылданған уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арасындағы өзара іс-қимыл тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеуден шығару тәртібі

47. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдері аяқталғаннан кейін есептік тіркеуден шығарады.

Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген негіздемелер бар болған жағдайда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығаруды есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы Қағидалардың 30 және 34-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару туралы еркін нысандағы экспорттаушының немесе импорттаушының өтініші келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Қағидалардың 48-тармағының 5), 6), 7), 8), 15), 16), 18), 19), 20) және 22) тармақшаларында көрсетілген негіздер болған кезде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеуден шығару экспорттаушының немесе импорттаушының тиісті өтінішінсіз жүзеге асырылады.

Есептік тіркеуден шығарылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша істер есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкте (оның филиалында) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалында экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығарған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

48. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден шығару үшін мыналар негіз болып табылады:

1) тараптардың экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерін толық орындауы немесе бейрезиденттің не резиденттің баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын берешек қалдығының болуы, бас тарту төлемі төленген, есепке алынған, борышкер мен кредитор бір тұлға болған, орындау мүмкін болмаған, мемлекеттік органның актісі шығарылған жағдайларда, экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттар болған кезде міндеттемелердің тоқтатылуы;

2) импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуын тоқтату туралы еркін нысандағы жазбаша өтініші болған кезде бейрезидентке бұрын алынған тауарларды қайтару не импорттаушыға пайдаланылмаған аванстық төлемді қайтару;

3) экспорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы еркін нысандағы жазбаша өтініші болған кезде бейрезиденттің тауарға ақы төлеу міндеттемесі орындалмаған жағдайда

экспорттаушыға бұрын тиелген тауарларды қайтару не экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету бойынша міндеттемесі орындалмаған жағдайда экспорттаушы экспорт бойынша валюталық шарттың төлемі бойынша алған валютаны бейрезидентке қайтару;

4) экспорттаушы немесе импорттаушы бейрезидент алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған бейрезидент тарапынан шағым-талаптың жоқтығын растайтын құжаттарды ұсыну;

5) дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспорттаушының немесе импорттаушының Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударуы туралы уәкілетті органының растауы;

6) тараптардың міндеттемелерді балама орындауы немесе бейрезиденттің не экспорттаушының немесе импорттаушының баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын берешек қалдығының болуы шартымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың болмауы;

7) бейрезидентті тарату немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің не шет мемлекеттің өзге уәкілетті мемлекеттік органы құжатының болуы;

8) экспорттаушыны немесе импорттаушыны тарату және құқықтық мирасқордың болмауы;

9) Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 9-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларда репатриациялау талаптарын толық орындау ;

10) ақшалай талапты басқа бере отырып (факторинг) қаржыландыру шарты шеңберінде экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына ақшаның түсуі;

11) уәкілетті банкті банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиядан айыру;

12) уәкілетті банктің (оның филиалының) тараптар импорт бойынша валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаған не бейрезиденттің баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын берешегінің қалдығы болған кезде импорттаушы импорт бойынша валюталық шарт бойынша есеп айырысу үшін шығарған бейрезидент ұсынған вексельді есепке алуы;

13) экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезидент алдындағы өз борышын бейрезиденттің келісімін растайтын құжаттар негізінде және экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 54-тармағын ескере отырып, уәкілетті

банкке (оның филиалына) ұсынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуын тоқтату туралы еркін нысандағы жазбаша өтініші болған кезде басқа резидентке аударуы;

14) экспорттаушының немесе импорттаушының растау құжаттары және экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 54-тармағын ескере отырып, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы еркін нысандағы жазбаша өтініші болған кезде бейрезидентке талап ету құқығын басқа резидентке беруі;

15) жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспорттаушының немесе импорттаушының қайтыс болғандығы, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылуы туралы мемлекеттік орган немесе өзге уәкілетті орган құжатының болуы;

16) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты жеке есепке алуға жатқызған күннен бастап 3 (үш) жыл өтуі;

17) экспорттаушының немесе импорттаушының Қағидалардың 34-тармағын ескере отырып, экспорттаушыға немесе импорттаушыға экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есептік тіркеу банкі өзгертуі;

18) экспорт немесе импорт үшін Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарды алып өтуге жол бермейтін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

19) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың болмауы;

20) Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша резидент алдындағы барлық берешек сомасын өтеуі бойынша резиденттің пайдасына сот немесе өзге де мемлекеттік орган, төрелік шешімінің болуы;

21) бейрезидент пен экспорттаушы немесе импорттаушы арасындағы бастапқы міндеттемені осы тұлғалар арасындағы өзге нысандағы немесе өзге орындау тәсілін көздейтін басқа міндеттемеге ауыстыра отырып бейрезиденттің шарт бойынша міндеттемелерін тоқтату;

22) Қағидалардың 34-тармағын ескере отырып КЖТҚК туралы заңның 13-бабына сәйкес іскерлік қатынастарды бұзу.

49. Экспорттаушының немесе импорттаушының бұрын есептік тіркеуден шығарылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты қайта есептік тіркеуге қабылдау туралы еркін нысандағы өтініші бойынша есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа жаңа есептік нөмірді бермей есептік тіркеуді жаңартады.

50. Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт:

1) бұдан әрі бақылануға жататын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша операциялар болмаған жағдайда, қылмыстық іс немесе әкімшілік іс шеңберінде операция бойынша репатриациялау талаптарын орындамағаны туралы шешім қабылданған;

2) экспорттаушының немесе импорттаушының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша болмауы жағдайларында экспорттаушының немесе импорттаушының тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалында жеке есепке алынуға тиіс.

51. Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты оның есептік нөмірін көрсете отырып жеке есепке жатқызу туралы уәкілетті банкке хабарлайды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалы жеке есепке алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан жыл сайын репатриациялау талаптарын орындау үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат сұратады.

Егер экспорттаушының немесе импорттаушының орналасқан жері анықталмаса, Ұлттық Банктің аумақтық филиалы уәкілетті банктерге, мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесіне және өзге де мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне сәйкес экспорттаушының немесе импорттаушының жұмыс істеуі және (немесе) оның орналасқан жері туралы сұратулар жібереді.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша операцияларды жаңартқан жағдайда оны жеке шотқа жатқызған күннен бастап 3 (үш) жыл өткенге дейін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт жеке есептен шығарылады.

6-тарау. Жеке жағдайлар

52. Резиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша мынадай:

1) резидент үшінші тұлға бейрезидентке қарыз берген;

2) импорттаушы мен резидент үшінші тұлғаның арасында жасалған бірлескен қызмет туралы шарттың не агенттік шарттың шеңберінде резидент үшінші тұлға экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған;

3) экспорттаушының бейрезидентке және бейрезиденттің резидент үшінші тұлғаға талаптары есепке алынған;

4) үшінші тұлғалар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды және өзге де мәмілелерді қаржыландырған, сондай-ақ үшінші тұлғалар

осындай қаржыландыруды ұсынған және (немесе) осы орындауды жүзеге асырған тұлғаға ақшаны және өзге де мүлікті сыйақымен немесе сыйақысыз қайтару бойынша, нәтижесінде міндеттемелері орындалған тұлғаның міндеті туындайтын кредитор алдындағы борышкер міндеттемелерін орындаған жағдайларда төлеуші үшінші тұлға ретінде қатысуына болады.

53. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік тіркелуге жататын болса, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша үшінші тұлға ретінде резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банк (оның филиалы) (бұдан әрі – үшінші тұлғаның банкі) төлем және (немесе) ақша аударымын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа қызмет көрсететін уәкілетті банк (оның филиалы) есептік нөмірді бергеннен кейін ғана жүзеге асырады.

Үшінші тұлғаның банкі резидент үшінші тұлға төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде резидент үшінші тұлғаның жазбаша келісімі негізінде есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалғаны туралы ақпаратты Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) жібереді.

Экспорттаушының немесе импорттаушының банкі осындай шарт бойынша үшінші тұлғаның банкі жүзеге асырған төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын ескере отырып экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриация талабының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алған кезде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) 3 (үш) жұмыс күні ішінде үшінші тұлғаның банкіне осындай шарттың есептік тіркеуден алынғаны туралы еркін нысандағы хабарламаны жібереді.

54. Егер экспорттаушының немесе импорттаушының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша талап ету құқығын басқа резидентке беру немесе борышын аудару нәтижесінде резиденттің бейрезидентке не бейрезиденттің резидентке талап ету сомасы баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асып кетсе, резидент Қағидалардың 2-тарауында белгіленген тәртіпте талап ету құқығын беру туралы шартқа немесе борышты аудару туралы шартқа есептік нөмір беру үшін уәкілетті банкке (оның филиалына) өтініш жасайды.

Талап ету құқығын беру туралы шартта немесе борышты аудару туралы шартта резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банктің (оның филиалының) осы шартты есептік нөмір беру арқылы не талап ету құқығын беру туралы шартқа

немесе борышты аудару туралы шартқа есептік нөмір беру туралы хабарлама бар болған жағдайда, бақылауға қабылдау туралы белгі болған кезде экспорттаушыға немесе импорттаушыға қызмет көрсететін уәкілетті банк (оның филиалы):

1) егер талап ету құқығын беру немесе борышты аудару нәтижесінде экспорттаушының немесе импорттаушының бейрезидентке талап ету немесе бейрезидент алдындағы міндеттемелерінің сомасы баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асып түскен болса, талап ету құқығын беру туралы шартқа немесе борышты аудару туралы шартқа сәйкес, берілген талап ету құқығының немесе аударылған борыш сомасына азайтылған экспорттаушының немесе импорттаушының талаптарының немесе міндеттемелерінің сомасына экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жалғастырады;

2) егер талап ету құқығын беру немесе борышты аудару нәтижесінде экспорттаушының немесе импорттаушының бейрезидентке талап ету немесе бейрезидент алдындағы міндеттемелерінің сомасы баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан аспайтын болса, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерін аяқтайды.

Экспорттаушыға немесе импорттаушыға қызмет көрсететін уәкілетті банктер (олардың филиалдары) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша және талап ету құқығын беру туралы шарт не борышты аудару туралы шарт бойынша талап ету құқығын беру сомасын не борыш сомасын Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы жөніндегі ақпаратта көрсетеді.

Резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банк (оның филиалы), егер талап ету құқығын беру туралы шартта не борышты аудару туралы шартта бейрезиденттің резидент алдындағы немесе резиденттің бейрезидент алдындағы міндеттемелерін орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау мерзімін ескере отырып, талап ету құқығын беру туралы шарт не борышты аудару туралы шарт бойынша валюталық бақылауды жүзеге асырады.

55. Репатриациялау мерзімі экспорттаушының немесе импорттаушының еркін нысандағы өтінішінде жаңа репатриациялау мерзімін көрсету арқылы мынадай:

1) егер экспорттаушының немесе импорттаушының бұрын көрсеткен репатриациялау мерзімі экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес репатриациялау мерзімін есептеу тәртібі ескерілмей есептелген;

2) мынадай:

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдеріне және талаптарына әсер ететін жағдайлардың басталуын растайтын құжаттар;

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар;

соттың немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімдері;

шет мемлекеттің уәкілетті органының бейрезиденттің таратылу кезеңінде тұрғанын немесе банкроттық рәсімінен өтіп жатқанын білдіретін құжаты болған;

3) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдерін және (немесе) талаптарын өзгертуге әсер ететін дүлей күш жағдайларының туындауы болған жағдайларда өзгертіледі.

Дүлей күш жағдайлары туындаған, сот немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бейрезиденттің міндеттемелерін орындау мерзімдері болмаған не шет мемлекеттің уәкілетті органының құжатында бейрезидентті тарату немесе бейрезидентті банкрот деп тану процесінің аяқталу мерзімдері болмаған кезде репатриациялау мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

56. Мыналар:

1) мыналарды:

экспорттаушыға немесе импорттаушыға банктік шотты ашқаны және экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратпен банктік шот ашылған немесе төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген операциялық күннен кешіктірмей уәкілетті банк пен оның филиалы арасында ақпарат алмасуға;

Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұсынылған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы және міндеттемелердің өзгеше орындалуы туралы ақпаратқа уәкілетті банктің (оның филиалының) аталған ақпаратты алған операциялық күнінен кешіктірмей қол жеткізуге;

уәкілетті банк (оның филиалдары) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берген операциялық күннен кешіктірмей есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша уәкілетті банк бойынша жиынтық ақпараттың болуына;

экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша жаңартылған электрондық досьеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін интеграцияланған автоматтандырылған жүйенің;

2) мына:

экспорттаушының немесе импорттаушының тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізу;

уәкілетті банктің өз филиалдарына мемлекеттік кірістер органынан алынған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты және өзге ақпаратты жеткізу;

уәкілетті банктің тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде уәкілетті банк филиалының валюталық бақылау агенттерінің функцияларын жүзеге асыруына және уәкілетті банктер филиалдарының экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратқа қол жеткізуіне байланысты тәуекелдерді бағалауды, өлшеуді, бақылауды және мониторингтеуді жүзеге асыру рәсімдерін регламенттейтін ішкі ережелер;

3) уәкілетті банк (оның филиалы) бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарға есептік нөмірлерді және электрондық досьені жүйелі түрде беруді қамтамасыз ететін тіркеу журналын жүргізу мүмкіндігі болған жағдайларда, уәкілетті банктің түрлі филиалдарында экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ уәкілетті банктің (оның филиалының) әр жерде орналасқан операциялық кассаларының есептік нөмірлерді беруіне рұқсат етіледі.

57. Егер аккредитив немесе кепілдік беру есептік тіркеу банкінде ресімделмесе, аккредитивті немесе кепілдік беруді ресімдеген уәкілетті банк (оның филиалы) есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына):

1) егер орындаушы банк болып табылса, төлем және (немесе) ақша аударымы күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде;

2) егер орындаушы банк шетелдік банк болып табылса, төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мәліметтер алынған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлемнің және (немесе) ақша аударымының жүзеге асырылғанын растайтын төлем құжатының көшірмесін жібереді.

Импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есеп айырысулардың аккредитивтік нысаны не банк кепілдігі орындалған жағдайда ақпарат бейрезиденттің пайдасына төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде көрсетіледі.

58. Уәкілетті банк (оның филиалы) есеп айырысудың вексельді нысанын көздейтін экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақша қозғалысын және міндеттемелердің орындалуын мониторингтеуді вексель ұстаушылар болып табылатын экспорттаушыдан немесе импорттаушыдан мынадай құжаттарды:

1) төлеуші не вексель бойынша міндетті өзге тұлға оны өтеген кезде вексель бойынша төлемақы келіп түскен жағдайда - осы төлемді растайтын құжаттарды (акцептелген вексельдің көшірмесін және төлем құжатын);

2) экспорттаушы немесе импорттаушы есепке алу үшін есеп кеңсесіне вексель ұсынған жағдайда - вексельдің есепке алынғанын растайтын, яғни дисконтты шегере отырып немесе дисконтсыз экспорттаушыға немесе импорттаушыға вексель сомасын төлегенін растайтын құжаттарды (есеп кеңсесінің пайдасына индоссирленген вексельдің көшірмесін және төлем құжатын);

3) вексельді төлем құралы ретінде пайдаланған жағдайда - вексель бойынша құқық берілген тұлғамен жасалған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты, тиісті өткізу жазбасы (индоссаменті) бар осы вексельдің көшірмесін, осы операцияның жүргізілгенін растайтын өзге де құжаттарды (есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты, тауарларға арналған декларацияны және басқаларын) алғанға дейін (вексельді экспорттаушының немесе импорттаушының пайдалануына қарай) жүзеге асырады. Вексель бойынша ақша басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) түскен кезде вексель ұстаушы болып табылатын экспорттаушы немесе импорттаушы басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) ақшаны есептік тіркеу банкіне аударуды тапсырады.

Егер вексель беруші импорттаушы болып табылса және импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлар вексель бойынша төлем мерзімі басталғанға дейін жеткізілген болса, онда мұндай шарт осы вексель ақы төлеуге ұсынылған күнге дейін бақылауға жатады. Бұл ретте вексель сомасы шарттың жалпы сомасынан аспауы керек. Егер есеп айырысудың вексель нысанындағы импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша вексель эмитенті үшінші тұлға болып табылса, онда шарт тауарлар импорттаушыға жеткізілген күнге дейін есептік тіркеуден алынбайды.

59. Уәкілетті банк қайта ұйымдастырылған жағдайда қайта ұйымдастырылатын банк құқықтық мирасқор болып табылатын банкке экспорт немесе импорт жөніндегі әрбір валюталық шарт бойынша досьені қоса берумен, есептік тіркеуден алынбаған, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды ұсынады. Ақпаратты электрондық түрде беруге рұқсат етіледі.

60. Уәкілетті банк таратылған жағдайда уәкілетті банктің тарату комиссиясы:

1) уәкілетті банктің клиенттерін – экспорттаушылар немесе импорттаушыларды Қағидалардың 48-тармағының 11) және 17) тармақшаларына сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды есептік тіркеуден шығару қажеттілігі туралы өкілеттіктер қабылданған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде хабарлауды;

2) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттарды экспорттаушылардың немесе импорттаушылардың еркін нысандағы өтініштері негізінде Қағидаларға сәйкес есептік тіркеуден алуды;

3) Қағидаларға сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттардың есептік тіркеуден алынғаны туралы ақпаратты Ұлттық Банкке жолдауды;

4) тарату өндірісінің барлық мерзімі ішінде экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша досьенің сақталуын;

5) есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты олардан жазбаша сұрату алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңа уәкілетті банкке не Ұлттық Банкке ұсынуды қамтамасыз етеді.

61. Егер келіп түскен ақша экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына уәкілетті банктің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиясын тоқтата тұру не одан айыру себебінен аударылмаған болса, онда экспорттық түсімнің түсуін не импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша бұрын аударылған ақшаның уәкілетті банктің корреспонденттік шотына қайтарылуын бақылау мақсаттары үшін экспорттаушының немесе импорттаушының пайдасына ақшаның түскенін растайтын құжат ретінде уәкілетті банктің тарату комиссиясының таратылатын уәкілетті банктің корреспонденттік шотына есептік нөмірі бойынша сәйкестендірілген ақшаның түскені туралы анықтамасын қабылдауға рұқсат етіледі.

7-тарау. Өтпелі ережелер

62. Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін есептік нөмірлер берілген, 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қолданыста болатын экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша жаңа есептік нөмірлерді алу талап етілмейді.

63. Егер экспорттаушының немесе импорттаушының баламасында 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қолданыстағы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарты болса:

1) уәкілетті банк (оның филиалы) мұндай шарт бойынша төлем жүргізуден және (немесе) ақша аударудан бас тартады;

2) экспорттаушы немесе импорттаушы уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмейтін мерзімде, бірақ мұндай шарт бойынша міндеттемелерді орындау басталғанға дейін есептік нөмірді алу үшін өтініш жасайды.

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау туралы өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(уәкілетті банктің
(оның филиалының)
немесе Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің аумақтық
филиалының атауы)

1-бөлім.

1. Есептік нөмірді алу

Экспортты немесе импортты (қажеттісінің асты сызылады) көздейтін _____ жылғы " ____ " _____ № _____ (бар болса) валюталық шартқа есептік нөмір беруді сұраймын.

2. Есептік нөмірі бар валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау _____ жылғы " ____ " _____ № ____ / ____ / ____ / _____ есептік нөмірімен _____ жылғы " ____ " _____ № _____ (бар болса) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдауды сұраймын.

Экспорттаушы немесе импорттаушы бойынша ақпарат: атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі /жеке сәйкестендіру нөмірі _____

мекенжайы _____

телефоны _____

электрондық пошта _____

Мен:

1) ұлттық және (немесе) шетел валютасын репатриациялау талаптарының бұзылғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің бар екендігі;

2) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша есептік нөмірді алу және ол бойынша ақпаратты, құжаттар мен есептерді беру тәртібінің бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктің бар екендігі жөнінде хабардармын.

Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты оның сұратуы бойынша басқа уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (басқа уәкілетті банктен (оның филиалынан) не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалынан) беруге және (немесе) алуға келісемін.

Осы арқылы валюталық шартқа есептік нөмір алуға өтініш бергенге дейін валюталық шарт бойынша міндеттемелердің бар/жоқ екенін (қажеттісінің асты сызылады) растаймын.

Экспорттаушы (импорттаушы) басшысының қолы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Мөрдiң орны
(жеке кәсiпкерлiк
субъектiлерiн қоспағанда)

Өтiнiштi қабылдау күнi _____

Уәкiлеттi банктiң (оның филиалының) немесе Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының қойған белгiлерi

2-бөлiм.

1. Шетелдiк сатып алушы (экспорт бойынша) немесе жеткiзушi (импорт бойынша)

бойынша ақпарат: атауы немесе тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса)

2. Елi _____

3. Валюталық шарттың жалпы құны (болжамды құны) _____
(шарттың валютасы көрсетiледi).

4. Репатриациялау мерзiмi _____

5. Экспорт немесе импорт жөнiндегi валюталық шарт түрiнiң коды

Экспорттаушы (импорттаушы) басшысының қолы _____

Тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса) _____

"Экспорт немесе импорт
жөнiндегi валюталық шартты
валюталық бақылауға қабылдау
туралы өтiнiш" нысанына
қосымша

"Экспорт немесе импорт жөнiндегi валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау туралы өтiнiш" нысанын толтыру бойынша түсiндiрме

1. "Уәкiлеттi банктiң (оның филиалының) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының атауы" жолы мыналар ескерiлiп толтырылады:

1) егер есептік тіркеу банкі ретінде уәкілетті банк іс-әрекет жасайтын болса, уәкілетті банктің толық атауы көрсетіледі;

2) егер есептік тіркеу банкі ретінде уәкілетті банктің филиалы немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы іс-әрекет жасайтын болса, филиалдың толық атауы көрсетіледі.

2. "1. Есептік нөмірді алу" жолы экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарт бойынша есептік нөмірді алған кезде толтырылады.

3. "2. Есептік нөмірі бар валюталық шартты валюталық бақылауға қабылдау" жолы экспорттаушы немесе импорттаушы басқа есептік тіркеу банкіне ауысқан кезде толтырылады.

4. "Есептік тіркеу банкі қойған белгілер" жолы есептік тіркеу банкінің қызметтік ақпаратына арналған.

5. "Елі" жолында ҚР ҰС ISO 3166-1 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық сыныптауышына сәйкес шетелдік сатып алушының немесе жеткізушінің орналасқан елінің екі әріптен тұратын коды көрсетіледі.

6. "Репатриациялау мерзімі" жолы нүктемен ажыратылған екі бөліктен тұрады:

бірінші бөлікте репатриациялау мерзімі күндерінің саны көрсетіледі;

екінші бөлікте репатриациялау мерзімінің толық жылдар саны көрсетіледі.

7. "Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт түрінің коды" бағанында мыналар көрсетіледі:

"1" – талаптарында тауарларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өту көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"2" – талаптарында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"3" – талаптарында тауарларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өту, сондай-ақ жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт.

8. Егер экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартта оны жасасу күніне валюталық шарттың сомасы көрсетілмесе, онда мұндай шарт бойынша сома баламасында 50 000 (елу мың) Америка Құрама Штаттары доллары және 1 (бір) цент түрінде көрсетіледі.

Репатриациялау мерзімін есептеу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Репатриациялау мерзімін есептеу мақсатында күнтізбелік күндер қолданылады, бұл ретте 30 (отыз) күндік мерзім 1 (бір) ай болып, 360 (үш жүз алпыс) күн бір жыл болып алынады.

2. Репатриациялау мерзімі бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа сәйкес міндеттемелерін орындаудың ең ұзақ мерзімі ретінде есептеледі және нүктемен бөлінген екі бөліктен тұратын цифрлық код түрінде көрсетіледі:

бірінші бөлікте үш цифр, егер репатриациялау мерзімі 360 (үш жүз алпыс) күннен кем немесе одан асатын болса, толық емес жыл бойынша күндер санын көрсетеді;

екінші бөлікте екі цифр репатриациялау мерзімінің толық жыл санын көрсетеді.

3. Экспорт бойынша репатриациялау мерзімі мынадай тәртіппен есептеледі:

егер валюталық шартта тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік шекарасы арқылы алып өту көзделсе және экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткеннен кейін беру болып табылса, экспорттаушы репатриациялау мерзімін бейрезиденттің валюталық шарт бойынша тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауының ең ұзақ мерзіміне мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығарғаннан кейін оны беру орнына дейін жеткізу үшін қажетті, 1 (бір) жылдан аспауға тиіс мерзімді қосу арқылы есептейді;

егер шартта тауарларды Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекеттің арасында алып өту көзделсе және экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткеннен кейін беру болып табылса, экспорттаушы репатриациялау мерзімін бейрезиденттің валюталық шарт бойынша тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауының ең ұзақ мерзіміне тауарды беру орнына дейін жеткізу үшін қажетті, 1 (бір) жылдан аспауға тиіс мерзімді қосу арқылы есептейді;

егер экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткенге дейін беру болып табылса, экспорттаушы репатриациялау мерзімі ретінде валюталық шарт бойынша бейрезиденттің тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін көрсетеді;

егер шартта бейрезиденттің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының әртүрлі талаптары (экспорттаушының тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақыны тауарларды тиіп жөнелткенге, жұмыстарды орындағанға немесе қызметтерді көрсеткенге дейін төлеуі не экспорттаушының тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақыны тауарларды тиіп жөнелткеннен, жұмыстарды орындағаннан немесе қызметтерді көрсеткеннен кейін төлеуі) көзделсе, экспорттаушы репатриациялау мерзімін экспорттаушы бейрезиденттің тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының валюталық шартта белгіленген мерзімін ескере отырып, тауарларды тиіп жөнелткеннен, жұмыстарды орындағаннан немесе қызметтерді көрсеткеннен кейін есептейді;

егер валюталық шартта экспорт бойынша валюта түсімінің экспорт күні басталғанға дейін (бейрезиденттің алдын ала ақы төлеуі) не 180 (бір жүз сексен) күннен аспайтын мерзімде түсуі көзделсе мерзім 180 (бір жүз сексен) күн деп көрсетіледі;

егер валюталық шартта тауарларды Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекет арасында алып өту көзделсе, экспорттаушы есептеген репатриациялау мерзіміне бейрезиденттен жанама салықтарды төлеу немесе қосымша құн салығын төлеуден және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтінішті (бұдан әрі - тауарларды әкелу туралы өтініш) алу үшін қажетті 180 (бір жүз сексен) күндік уақыт кезеңі қосылады.

4. Импорт бойынша репатриациялау мерзімі мынадай тәртіппен есептеледі:

егер бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізгеннен кейін беру болып табылса, импорттаушы репатриациялау мерзімін валюталық шарт бойынша бейрезидент міндеттемелерінің орындалуының ең ұзақ мерзіміне пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол валюталық шартта бар болса) қосу арқылы есептейді;

егер валюталық шарт бойынша тауарды Одақтың кедендік шекарасы арқылы алып өту көзделсе және бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткенге дейін тауарды беру болып табылса, импорттаушы репатриациялау мерзімін бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындауының валюталық шарт бойынша ең ұзақ мерзіміне тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізу және мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару үшін қажетті мерзімін (1 (бір) жылдан аспауы тиіс), пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол валюталық шартта бар болса) қосу арқылы есептейді;

егер валюталық шарт бойынша тауарды Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекеттің арасында алып өту және бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізгенге дейін тауарды беру болып табылса, импорттаушы репатриациялау мерзімін бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындауының валюталық шарт бойынша ең ұзақ мерзіміне тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізуге қажетті мерзімді, пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол валюталық шартта бар болса) қосу арқылы есептейді;

егер валюталық шартта бейрезиденттің тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді орындаудың әртүрлі талаптары (тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге төлемді және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғанға дейін не тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге төлемді және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғаннан кейін) көзделсе, импорттаушы репатриациялау мерзімін валюталық шартта белгіленген бейрезиденттің тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ескере отырып, тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге төлем жүргізгеннен және (немесе) ақша аударғаннан кейін есептейді ;

егер валюталық шартта тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарларға, жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге төлем жүргізгенге дейін және (немесе) ақша аударғанға дейін (бейрезиденттің тауарларды алдын ала жеткізуі, жұмыстарды алдын ала орындауы немесе қызметтерді көрсетуі) не төлем жүргізген және (немесе) ақша аударған күннен бастап 180 (бір жүз сексен) күннен аспайтын мерзімде көзделсе, репатриациялау мерзімі 180 (бір жүз сексен) күнге тең деп көрсетіледі;

егер валюталық шарт тауарларды импорт үшін Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына алып өтуді көздесе, импорттаушы есептеген репатриациялау мерзіміне тауарларды әкелу туралы өтінішті алу үшін қажетті 180 (бір жүз сексен) күндік уақыт кезеңі қосылады.

2-тарау. Экспорт бойынша репатриациялау мерзімін есептеу мысалдары

5. Валюталық шартқа сәйкес экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарға ақы төлеуі –

ішінара, алдын-ала ақы төлеу арқылы, ішінара - экспорттаушы тауарды тиіп жөнелткеннен кейін ақы төлеу арқылы. Бейрезиденттің тауарға ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі – 210 (екі жүз он) күн. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі тауарды шығарған күн мен бейрезидентке тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада беру күні арасындағы экспорттаушы болжайтын мерзім – 30 (отыз) күн.

Есеп: $210 \text{ күн} + 30 \text{ күн} = 240 \text{ күн}$, яғни 240 күн, 00 жыл.

Экспорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 240.00 деп көрсетеді.

6. Валюталық шартқа сәйкес экспорттаушының тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада тауарды бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарға ақы төлеуі – ішінара, алдын-ала ақы төлеу арқылы, ішінара - экспорттаушы тауарды тиіп жөнелткеннен кейін ақы төлеу арқылы. Бейрезиденттің тауарға ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі – 210 (екі жүз он) күн. Тауардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өту күні мен тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада бейрезидентке беру күні арасындағы экспорттаушы болжайтын мерзім – 10 (он) күн.

Бейрезиденттен тауарларды әкелу туралы өтінішті алу үшін қажетті уақыт кезеңі – 180 (бір жүз сексен) күн.

Есеп: $210 \text{ күн} + 10 \text{ күн} + 180 \text{ күн} = 400 \text{ күн}$, яғни 40 күн, 01 жыл.

Экспорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 040.01 деп көрсетеді.

7. Валюталық шартқа сәйкес экспорттаушының тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемесі тауарды Алматы-1 теміржол станциясында бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарға ақы төлеуі – экспорттаушы тауарды тиіп жөнелткеннен кейін. Тауарға ақы төлеудің ең ұзақ мерзімі – 210 (екі жүз он) күн.

Экспорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 210.00 деп көрсетеді.

8. Валюталық шартқа сәйкес бейрезидент тауарға, жұмысқа немесе көрсетілетін қызметке алдын ала ақы төлеуді толық көлемде жүзеге асырады.

Экспорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

9. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарға, жұмысқа немесе көрсетілетін қызметке ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі – 160 (бір жүз алпыс) күн.

Экспорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

3-тарау. Импорт бойынша репатриациялау мерзімін есептеу мысалдары

10. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тауарды бергеннен кейін орындалды деп есептеледі. Бейрезиденттің тауарды жеткізуі – ішінара, алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін

және (немесе) ақша аударылғаннан кейін. Бейрезиденттің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі – 800 (сегіз жүз) күн. Бейрезиденттің тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада беру күні мен мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару күнінің арасындағы импорттаушы болжайтын мерзім – 70 (жетпіс) күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада беруді болжамдау күнінен бастап – 100 (бір жүз) күн.

Есеп: 800 күн + 70 күн + 100 күн = 970 күн, яғни 250 күн, 02 жыл.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 250.02 деп көрсетеді.

11. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарды жеткізуі екі тәсілмен жүзеге асырылады: алдын ала жеткізу арқылы және тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударылғаннан кейін. Бейрезиденттің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі – 800 (сегіз жүз) күн. Бейрезиденттің тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада беру күні мен тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізу күнінің арасында импорттаушы болжайтын мерзім – 30 (отыз) күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі - тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада беруді болжамдау күнінен бастап – 100 (бір жүз) күн. Тауарларды әкелу туралы өтінішті ресімдеу мерзімі – 180 (бір жүз сексен) күн.

Есеп: 800 күн + 30 күн + 100 күн + 180 күн = 1110 күн, яғни 030 күн, 03 жыл.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 030.03 деп көрсетеді.

12. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одақтың аумағынан тыс орналасқан қалада бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарды жеткізуі – ішінара, алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Бейрезиденттің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі – 210 (екі жүз он) күн. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару күні мен бейрезидент тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада өткізген күні арасындағы импорттаушы болжайтын мерзім – 70 (жетпіс) күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі валюталық шартта анықталмаған.

Есеп: 210 күн + 70 күн = 280 күн, яғни 280 күн, 00 жыл.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 280.00 деп көрсетеді;

13. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Алматы-1 теміржол станциясында бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарды жеткізуі – ішінара, алдын ала

жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Бейрезиденттің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі – 100 (бір жүз) күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі – 100 (бір жүз) күн.
Есеп: 100 күн + 100 күн = 200 күн, яғни 200 күн, 00 жыл.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 200.00 деп көрсетеді.

14. Валюталық шартқа сәйкес бейрезиденттің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Алматы-1 теміржол станциясында бергеннен кейін орындалды деп саналады. Бейрезиденттің тауарды жеткізуі – ішінара, алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Бейрезиденттің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі – 100 (бір жүз) күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі валюталық шартта айқындалмаған.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

15. Валюталық шартқа сәйкес бейрезидент тауарды алдын ала жеткізуді немесе жұмысты алдын ала орындауды, қызмет көрсетуді толық көлемде жүзеге асырады.

Импорттаушы "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ есептік тіркеу банкінің атауы

_____ жылы басталды

_____ жылы аяқталды

№	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорттаушының немесе импорттаушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың деректемелері		Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт түрінің коды	Ескертпе
	Күні	Нөмірі		Күні	Нөмірі		
1	2	3	4	5	6	7	8

"Тіркеу журналы"
нысанына қосымша

"Тіркеу журналы" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көлбеу сызықпен - / / / бөлінген мынадай төрт бөліктен тұрады:

1) бірінші бөлікте мынадай белгілер көрсетіледі:

"1" – егер валюталық шарт экспорт бойынша болса;

"2" – егер валюталық шарт импорт бойынша болса;

2) екінші бөлікте Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 болып тіркелген "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 128 қаулысымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) беретін уәкілетті банктің үш мәнді коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлікте есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының (бұдан әрі – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы) уәкілетті банктің және Ұлттық Банктің ішкі анықтамалығына сәйкес төрт цифрдан тұратын коды көрсетіледі;

4) төртінші бөлікте тіркеу журналына сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың реттік нөмірі көрсетіледі.

2. Тіркеу журналын есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы экспорт және импорт бойынша жеке-жеке жылдан жылға жүйелі түрде жүргізеді.

Егер тіркеу журналы қағаз тасымалдағышта жүргізілсе, журнал аяқталысымен оған есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалының басшысы не тиісті өкілеттіктері бар өзге адам қол қояды және есептік тіркеу банкінің мұрағатында сақталады.

Егер тіркеу журналы электрондық түрде жүргізілсе, онда журналға күнтізбелік жыл аяқталысымен есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалы басшысының не тиісті өкілеттіктері бар өзге адамның электрондық цифрлық қолы қойылады.

3. 7-бағанда мыналар көрсетіледі:

"1" – талаптарында тауарларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өту көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"2" – талаптарында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"3" – талаптарында тауарларды Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өту, сондай-ақ жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат

Индекс: EICC_1

Кезеңділігі: күн сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Ұсыну мерзімі:

3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) есептік нөмір берілген, есептік тіркеуден шығарылған, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерін қалпына келтірген, Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 32-тармағына сәйкес хабарлама жіберген, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуы туралы ақпаратты ұсыну жөніндегі сұратуын алған күннен кейін;

2) есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенін растайтын құжаттарды қабылдаған күннен кейін.

Нысан

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт түрінің коды	Экспорттаушы немесе импорттаушы жөніндегі ақпарат				
Нөмірі	Күні		Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі	Облыс коды
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат				
Экспорт немесе импорт белгісі	Нөмірі	Күні	Сомасы мың бірлікпен	Валютасы
9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Бейрезидент жөніндегі ақпарат		Репатриациялау мерзімі	Валюталық шартты есептік тіркеуден шығару		Іскерлік қатынастарды бұзу ниеті туралы және есептік тіркеу банкінің өзгеруі туралы хабарламаны жіберу күні
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Елі		Күні	Негізі	
14	15	16	17	18	19

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі – ЕІСС_1, кезеңділігі – күн сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды толтыру кезінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша қолда бар деректерді пайдаланады.

4. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан ұсынылмайды.

5. Деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. Нысан Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 30, 32 және 35-тармақтарына сәйкес ұсынылады және мына жағдайлар:

1) есептік нөмір берілген, есептік тіркеуден алып тасталған, есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерін қалпына келтірген, Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 32-тармағына сәйкес хабарлама жіберген, жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің (оның филиалының) экспорт немесе

импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуы туралы ақпаратты ұсыну жөніндегі сұратуын алған кезде;

2) есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгенін растайтын құжаттарды қабылдаған кезде жіберіледі.

7. 1-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

8. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін беру күні көрсетіледі.

9. 3-бағанда мыналар көрсетіледі:

"1" – талаптарында Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарлардың орнын ауыстыру көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"2" – талаптарында жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт;

"3" – талаптарында Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарлардың орнын ауыстыру, сол сияқты жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету көзделген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт.

10. 4-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

11. Егер 7-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "1" – заңды тұлға (оның филиалы) белгісі көрсетілсе, 5-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсетіледі.

12. Егер 7-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "2" – дара кәсіпкер белгісі көрсетілсе, 6-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсетіледі.

13. Егер экспорттаушы немесе импорттаушы заңды тұлға (оның филиалы) болып табылса, 7-бағанда "1" белгісі, егер экспорттаушы немесе импорттаушы дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі қойылады.

14. 8-бағанда ҚР МС 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес экспорттаушының немесе импорттаушының заңды мекенжайы бойынша облыс кодының алғашқы екі саны көрсетіледі.

15. 9-бағанда мынадай белгілер көрсетіледі:

"1" – егер экспорт жөніндегі валюталық шарт;

"2" – егер импорт жөніндегі валюталық шарт.

16. 10-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың нөмірі (бар болса) көрсетіледі.

17. 11-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың күні көрсетіледі.

18. 12-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың сомасы шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

19. 13-бағанда ҚР ҰС 07 ISO 4217 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ұлттық сыныптауышына сәйкес валюталардың әріптік белгіленуі көрсетіледі.

20. 14-бағанда шетелдік сатып алушының немесе жеткізушінің атауы немесе тегі, аты әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

21. 15-бағанда ҚР ҰС ISO 3166-1 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық сыныптауышына сәйкес шетелдік сатып алушы немесе жеткізуші елінің екі әріптік коды көрсетіледі.

22. 16-бағанда репатриациялау мерзімі көрсетіледі.

23. 17-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу күні көрсетіледі.

24. 18-бағанда Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 48-тармағына сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты есептік тіркеуден алу негізіне сәйкес келетін цифрлық код көрсетіледі.

25. 19-бағанда іскерлік қатынастарды бұзу ниеті туралы және Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларының 32-тармағына сәйкес есептік тіркеу банкіні өзгерту жөнінде хабарлама жіберу күні көрсетіледі.

26. Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартты алып тастау туралы ақпаратты жіберу кезінде 1, 2, 17 және 18-бағандар толтырылады.

27. Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ақпарат жіберу кезінде 1 және 2-бағандар, сондай-ақ мәліметтері нақтылануға тиіс бағандар толтырылады.

28. Іскерлік қатынастарды бұзу ниеті туралы және есептік тіркеу банкінің өзгеруі туралы хабарлама бойынша ақпарат жолдаған кезде 1, 2, және 19-бағандар толтырылады.

29. Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдерін қалпына келтіру кезінде 1 және 2-бағандар толтырылады.

30. 2, 11 және 17-бағандар сегіз цифрмен мынадай ретте: күні, айы, жылы көрсетіліп толтырылады.

31. "Атауы", "Мекенжайы", "Телефоны", "Электрондық пошта мекенжайы", "Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам" және "Орындаушы" деген жолдар Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Ақпаратты алуға арналған сұрату

Ұсынады: жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жаңа есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорттаушы немесе импорттаушы жөніндегі ақпарат		
Нөмірі	Күні	БСН	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі
1	2	3	4	5

"Ақпаратты алуға арналған сұрату" нысанына қосымша

"Ақпаратты алуға арналған сұрату" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

2. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру күні сегіз цифрды мынадай ретте: күнін, айын, жылын көрсету арқылы толтырылады.

3. Егер 5-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "1" – заңды тұлға (оның филиалы) белгісі көрсетілсе, 3-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсетіледі.

4. Егер 5-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "2" – дара кәсіпкер белгісі көрсетілсе, 4-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсетіледі.

5. Егер экспорттаушы немесе импорттаушы заңды тұлға (оның филиалы) болып табылса, 5-бағанда "1" белгісі немесе егер экспорттаушы немесе импорттаушы дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі қойылады.

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат

Индексі: EICC_2

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай үшін

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Ұсыну мерзімі:

1) есепті айда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді төлем карточкаларын пайдаланбай уәкілетті банктегі (оның филиалындағы) экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шоттары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру арқылы орындаған жағдайда – есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесіне) дейінгі (қоса алғанда) мерзімде;

2) экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді төлем карточкасын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру арқылы және (немесе) өзге тәсілмен орындаған жағдайда – экспорттаушы немесе импорттаушы не валюталық шартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банк растайтын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынған айдан кейінгі айдың 15 (он бесіне) дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.

Нысан

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

--	--	--

№	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Жөнелтуші						
	Нөмірі	Күні	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Алушы						
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН	ЖСН	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды
11	12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы

Төлем және (немесе) ақша аударымы немесе міндеттемелерді орындау туралы ақпарат					
Күні	Сомасы мың бірлікпен	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу тәсілінің коды	Белгісі шығыс, кіріс	Төлем белгілеу коды (ТБК)
18	19	20	21	22	23

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды толтыру кезінде есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк тауарлардың декларациясы мен электрондық шот-фактуралардан бөлек есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, міндеттемелерді орындаудың өзге тәсілдері бойынша қолда бар деректерді пайдаланады.

4. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан ұсынылмайды.

5. Деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

7. 3-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірін беру күні көрсетіледі.

8. 4 және 11-бағандарда жөнелтушінің немесе алушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

9. Егер 7 және 14-бағандарда экспорттаушының немесе импорттаушының "1" – заңды тұлға (оның филиалы) белгісі көрсетілсе, 5 және 12-бағандарда жөнелтушінің немесе алушының БСН көрсетіледі.

10. Егер жөнелтуші немесе алушы резиденттер болып табылса, 5, 6, 12 және 13-бағандар толтырылады.

11. Егер 7 және 14-бағандарда экспорттаушының немесе импорттаушының "2" – дара кәсіпкер белгісі көрсетілсе, 6 және 13-бағандарда жөнелтушінің немесе алушының ЖСН көрсетіледі.

12. Егер жөнелтуші немесе алушы заңды тұлға (оның филиалы) болып табылса, 7 және 14-бағандарда "1" белгісі немесе жөнелтуші немесе алушы жеке тұлға болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

13. 8 және 15-бағандар ҚР ҰС ISO 3166-1 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ұлттық сыныптауышын пайдалана отырып толтырылады.

14. 9 және 16-бағандарда (егер жөнелтуші немесе алушы резидент болса) ҚР МС 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес жөнелтушінің немесе алушының заңды мекенжайы бойынша облыстары кодының алғашқы екі саны көрсетіледі.

15. 10 және 17-бағандар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына (бұдан әрі – Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидалары) сәйкес толтырылады.

16. 18-бағанда төлемдер және (немесе) ақша аударымы немесе міндеттемелерді орындау күні көрсетіледі.

17. 19-бағанда міндеттемелерді орындау сомасы мың бірлікпен көрсетіледі.

18. 20-бағанда ҚР ҰС 07 ISO 4217 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ұлттық сыныптауышына сәйкес валютаның әріптік белгісі көрсетіледі.

19. 21-баған мына сыныптауышты ескере отырып толтырылады:

11 – аккредитив шеңберіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы;

12 – банк кепілдігі шеңберіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы;

13 – экспорт бойынша алдын ала ақы төлеу (импорт бойынша алдын ала жеткізу);

14 – экспорт бойынша тауарды тиегеннен кейін ақы төлеу (импорт бойынша ақы төленгеннен кейін жеткізу);

15 – бейрезидентке талап қою құқығын басқа резиденттің есебіне жатқызу, оған беру, резиденттің борышын басқа тұлғаға беру;

16 – бейрезиденттің міндеттемелерді орындамау тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алу ;

17 – вексельді беру;

18 – бағалы қағаздарды беру;

19 – жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету;

20 – Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кеден аумағының ішінде тауарлардың алмасуы;

29 – міндеттемелерді өзге орындау.

20. 22-баған мына белгілер ескеріле отырып толтырылады:

"1" – шығыс (міндеттемелерді бейрезиденттің пайдасына орындау);

"2" – кіріс (міндеттемелерді экспорттаушының немесе импорттаушының пайдасына орындау).

21. 23-баған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде толтырылады. Басқа жағдайларда 23-баған толтырылмайды.

22. 3 және 18-бағандар сегіз цифрды мынадай тәртіппен: күнін, айын, жылын көрсету арқылы толтырылады.

23. "Жөнелтуші", "Алушы" деген бағандарда Одақтың кеден аумағының ішінде тауарларды жеткізу туралы ақпараты жіберген кезде экспорттаушы немесе импорттаушы туралы мәліметтер тиісінше көрсетіледі.

24. "Атауы", "Мекенжайы", "Телефоны", "Электрондық пошта мекенжайы", "Басшы немесе оның міндеттерін атқаратын адам" және "Орындаушы" деген жолдар Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпарат _____ жылғы _____ ай үшін

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Тауарларға арналған декларациядағы тауардың нөмірі	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорт немесе импорт белгісі	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың деректемелері		Экспорттаушы немесе импорттаушы жөніндегі ақпарат		
	Нөмірі	Күні		Нөмірі	Күні	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Тауарларға арналған декларацияда	Шот бойынша	Тауардың	Тауар мәртебесі	Тауарларға арналған декларацияда	Тауар құны			

көрсетілген кеден рәсімі	тауардың сомасы	шығарылған күні	Тауардың мәртебесі	н өзгерту күні	көрсетілген кеден рәсімі	Статистикалық	Фактуралық	Жеткізу валютасы	Валюта бағамы
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

Мәміле сипатының коды	Сыртқы экономикалық мәміле ерекшеліктерінің коды
20	21

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпарат" нысанына қосымша

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда тауарларға арналған декларациядағы тауардың реттік нөмірі (тауарларға арналған декларацияның 32-бағаны) көрсетіледі.

2. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі есептік нөмір көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 44-бағаны).

3. 3-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмірді беру күні көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 44-бағаны).

4. 4-бағанда мына белгілер көрсетіледі:

"1" – егер экспорт бойынша валюталық шарт;

"2" – егер импорт бойынша валюталық шарт.

5. 5-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың нөмірі (бар болса) көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 44-бағаны).

6. 6-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың күні көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 44-бағаны).

7. Егер 9-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "1" – заңды тұлға (оның филиалы) белгісі көрсетілсе (тауарларға арналған декларацияның 9-бағаны), 7-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсетіледі.

8. Егер 9-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының "2" – дара кәсіпкер белгісі көрсетілсе (тауарларға арналған декларацияның 9-бағаны), 8-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсетіледі.

9. Егер экспорттаушы немесе импорттаушы заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, 9-бағанда "1" белгісі немесе егер экспорттаушы немесе импорттаушы дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

10. 10-бағанда тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның әріптік бағаны).

11. 11-баған мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау мақсатында пайдаланатын сыныптауышқа сәйкес кеден рәсімінің цифрлық белгісін көрсете отырып толтырылады (тауарларға арналған декларацияның 1-бағанының екінші шағын бөлігі).

Нысанды толтыру кезінде тауарларға арналған декларацияда көрсетілген кеден рәсімдері ескеріледі:

1) экспорт бойынша: егер уақытша әкету мерзімі бір жыл және одан астам болса, экспорт 10 (экспорт), 21 (кеден аумағынан тыс өңдеу), 96 (Бажсыз сауда), экспорт 23 (Уақытша әкету) және егер осы тауарлар алдын ала кеден рәсімі импорт 40 деп ресімделсе (Ішкі тұтынушы үшін шығарылған), экспорт 31 (Реэкспорт);

2) импорт бойынша: егер уақытша әкелу мерзімі бір жыл және одан астам болса, импорт 40 (Ішкі тұтынушы үшін шығарылған), 51 (Кеден аумағында өңдеу), 70 (Кеден қоймасы), 77 (Бос тұрған қойма), 78 (Еркін кеден аумағы), 91 (Ішкі тұтынушы үшін өңдеу), 94 (Мемлекеттің пайдасы үшін бас тарту), 96 (Бажсыз сауда), импорт 53 (Уақытша әкелу (рұқсат беру)), егер бұл тауарлар алдын ала кеден рәсімі экспорт 10 (Экспорт) болып ресімделсе, импорт 60 (Реимпорт) деп есепке алынады.

"Есептік нөмірі бар экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірменің осы тармағының екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілмеген кеден рәсімдерін есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк мәлімет үшін есепке алады.

12. 12-бағанда тауардың шот бойынша жалпы сомасы көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 22-бағаны).

13. 13-бағанда мемлекеттік кірістер органының тауарды шығару (оның ішінде шартты шығару) туралы шешімді қабылдаған күні көрсетіледі.

14. 14-бағанда тауар мәртебесі көрсетіледі (шығарылды, кері қайтарып алынды, шығарудан бас тартылды, шартты түрде шығарылды, түзетілді).

15. 15-бағанда тауардың мәртебесі өзгертілген күні көрсетіледі.

16. 16-бағанда тауардың статистикалық құны Америка Құрама Штаттарының доллары бірлігімен көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 46-бағаны).

17. 17-бағанда тауардың фактуралық құны жеткізу валютасының бірлігімен көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 42-бағаны).

18. 18-бағанда ҚР ҰС 07 4217 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ұлттық сыныптауышына сәйкес жеткізу валютасының әріптік белгісі көрсетіледі.

19. 19-бағанда фактуралық құнға қайта санау үшін пайдаланылған және тауарларға арналған декларацияда көрсетілген валюта бағамы көрсетіледі.

20. 20 және 21-бағандарда мәміле сипатының коды және сыртқы экономикалық мәміле ерекшеліктерінің коды көрсетіледі (тауарларға арналған декларацияның 24-бағаны).

21. Ұлттық Банк уәкілетті банкке 20 және 21-бағандардағы ақпаратты бермейді.

22. 3, 6, 13 және 15-бағандар айы, күні, жылы тәртібінде сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Электрондық шот-фактуралар бойынша ақпарат

№	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Электрондық шот-фактураның деректемелері						Электрондық шот-фактураның мәртебесі
			4. Негізгі		5. Түзетілген		6. Қосымша		
	Нөмірі	Күні	Тіркеу нөмірі	Жазылған күні	Тіркеу нөмірі	Жазылған күні	Тіркеу нөмірі	Жазылған күні	
1	2	3	4.1	4.2	5.1	5.2	6.1	6.2	7

кестенің жалғасы

Жеткізушінің деректемелері, оның ішінде бірлескен қызметке қатысушылардың деректемелері						
Бизнес/жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН/ЖСН)	Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН	Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/атауы	Қатысу үлесі	Жеткізушінің санаты	
8	9	10	11	12	13	

кестенің жалғасы

Сатып алушының, оның ішінде бірлескен қызметке қатысушылардың деректемелері						
БСН/ ЖСН	Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН	Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушының атауы	Қатысу үлесі	Елдің коды	Алушының санаты
14	15	16	17	18	19	20

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--	--	--

Шарттың (келісімшарттың) деректемелері				Ш а р т бойынша ақы төлеу талаптары	Жеткізу талаптары	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуді растайтын құжат	
Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге арналған шарт (келісімшарт)	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге арналған шартсыз (келісімшарт сыз)	Нөмірі	Күні			Нөмірі	Күні
21	22	23	24	25	26	27	28

кестенің жалғасы

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша деректер						
Валюта коды	В а л ю т а бағамы	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің пайда болу белгісі	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы	Тауарларға арналған декларацияға немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке сәйкес тауарлардың атауы	Жанама салықтарды қоспағанда, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны	Жанама салықтарды қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны
29	30	31	32	33	34	35

кестенің жалғасы

Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, қызметтері бойынша деректер						
Бірлескен қызметке қатысушының БСН/ЖСН	Қ а й т а ұйымдастыры лған тұлғаның БСН	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің пайда болу белгісі	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы	Тауарларға арналған декларацияға немесе тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтінішке сәйкес тауарлардың атауы	Жанама салықтарды қоспағанда, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны	Жанама салықтарды қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны
36	37	38	39	40	41	42

кестенің жалғасы

Сенім білдірілген (оператордың) жеткізушінің деректемелері	Сенім білдірілген (оператордың) сатып алушының деректемелері

БСН	Сенімді тұлғаның атауы	Құжаты		БСН	Сенімді тұлғаның атауы	Құжаты	
		Нөмірі	Күні			Нөмірі	Күні
43	44	45	46	47	48	49	50

"Электрондық шот-фактуралар бойынша ақпарат" нысанына қосымша

"Электрондық шот-фактуралар бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 2-бағанда электрондық сұратуға сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

2. 3-бағанда электрондық сұратуға сәйкес экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген күн көрсетіледі.

3. 4-бағанда электрондық шот-фактураның (бұдан әрі – ЭШФ) тіркеу нөмірі, ЭШФ тіркеу және оны алушыға жіберу күні көрсетіледі.

4. 5-баған түзетілген ЭШФ жазылғанда белгіленуі тиіс. Бұл ретте осы жолды белгілеу "Қосымша" 6-баған белгіленбеген жағдайда жүргізіледі.

5. 6-бағанды белгілеген кезде жойылатын (түзетілетін) ЭШФ тіркеу нөмірі мен күні көрсетілетін 6.1 және 6.2-жолдар міндетті түрде толтырылуы тиіс.

6. 6-баған қосымша ЭШФ жазылған кезде белгіленуі тиіс. Бұл ретте осы жолды белгілеу 5-бағанда "Түзетілген" деген белгі болмаған жағдайда жүргізіледі.

7. Түзетілген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ жазылған жағдайда, 6.1 және 6.2-бағандарда қосымша ЭШФ жазылатын түзетілген ЭШФ жазып беру күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі.

8. 7-бағанда ЭШФ мәртебесі көрсетіледі:

1) "Қаралмаған" – 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 412-бабында белгіленген талаптарға және Қағидаларға сәйкес жазылған, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, берілген бірегей тіркеу нөмірі бар, бірақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы қарамаған ЭШФ;

2) "Жеткізілді" – Салық кодексінің 412-бабында және Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазылған, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, берілген бірегей тіркеу нөмірі бар, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы қараған ЭШФ;

3) "Күші жойылған" – түзетілген ЭШФ міндетті жазылған, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуші күшін жойған ЭШФ;

4) "Кері қайтарылған" – тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуші кері қайтарған ЭШФ;

5) "Жобажазба" – ішінара толтырылған, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жіберілмеген, редакцияланатын құжат;

6) "Импортталған" – Салық кодексінің 412-бабының талаптарына сәйкес келуіне тексеру жүргізілген, салық төлеушінің есепке алу жүйелерінен ЭШФ ақпараттық жүйесіне енгізілген, алайда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

7) "Қате жасалған" – Қағидалардың талаптарына сәйкес келуіне тексеруден өтпеген және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

8) "Бас тартылған" – тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы бас тартқан ЭШФ.

9. 8-бағанда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушінің ЖСН немесе БСН көрсетіледі.

10. 9-бағанда тауарларды, жеткізушілерді, қызметтерді жеткізуші заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН көрсетіледі.

11. 10-бағанда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазылған кезде қосу, біріктіру, бөлу арқылы қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі

12. 11-бағанда ЭШФ жазатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушінің атауы көрсетіледі:

1) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілер болып табылатын дара кәсіпкерлерге немесе жеке практикамен айналысатын тұлғаларға қатысты – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте көрсетілген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) атауы;

2) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілер болып табылатын заңды тұлғаларға (заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне) қатысты – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада) көрсетілген атауы. Бұл ретте ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бөлігінде қысқартылған сөздерді тәртіпке, оның ішінде іскерлік тәртіпке сәйкес пайдалануға болады.

13. 12-бағанда бірлескен қызметке қатысу үлесі пайызбен көрсетіледі. Осы жол "Жеткізушінің санаты" 13-бағанда "F" деген белгі қойылған жағдайда толтырылады.

14. 13-бағанда жеткізушінің санаты көрсетіледі:

"E" – өнімді бөлу туралы келісімнің қатысушысы болып табылады;

"F" – бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылады;

"G" – тауарлар экспортының кедендік рәсімінде тауарды шығаруды жүзеге асырады, тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттердің аумағына шығарады;

"H" – халықаралық тасымалдау бойынша қызмет көрсететін салық төлеуші болып табылады;

"I" – сенім білдіруші болып табылады.

15. 14 және 15-бағандарда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушының ЖСН немесе БСН не тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН көрсетіледі (жол толтырылуы тиіс). Егер "Алушының санаты" 20-жолда "F" белгісі қойылған жағдайда, осы жолды толтыру міндетті емес.

16. 16-бағанда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазылған кезде қосу, біріктіру, бөлу арқылы қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі

17. 17-бағанда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушының атауы көрсетіледі.

18. 18-бағанда бірлескен қызметке қатысу үлесі пайызбен көрсетіледі. Бұл жол "Алушының санаты" 20-жолда "D" белгісі қойылған жағдайда толтырылады.

19. 19-бағанда 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 бекітілген "Кеден құжаттарын толтыру үшін пайдаланатын сыныптауыштар туралы" Кеден одағы Комиссиясының шешіміне (бұдан әрі – КОК № 378 шешімі) 22-қосымшада көзделген әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің әріптік коды көрсетіледі.

Осы жол тауарды экспортқа өткізген кезде немесе тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс бір заңды тұлғаның шегінде беруге (ауыстыруға) байланысты толтырылады, өзге жағдайларда "KZ" автоматты түрде толтырылады.

20. 20-бағанда алушының санаты:

"D" – егер алушы бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылса;

"F" – егер алушы Қазақстан Республикасында салықтық есепте тұрмаған бейрезидент немесе оның атына бір заңды тұлға шегінде тауарды беруге байланысты тауарды Одаққа мүше мемлекеттердің аумағына шығару жүзеге асырылатын жеткізушінің құрылымдық бөлімшесі болып табылса;

"G" – егер алушы өнімді бөлу туралы келісімге қатысушы; өнімді бөлу туралы келісімнің қатысушысы болып табылатын салық төлеушіге тауарларды жеткізуге арналған шарт бойынша жеткізуші болып табылса;

"H" – егер алушы сенім білдіруші болып табылса;

"I" – егер алушы тауар бақылау-кассалық машина чегін міндетті түрде ұсына отырып немесе төлем карточкаларын пайдаланып төлемдерді жүзеге асыруға

арналған жабдықты (құрылғыны) қолдана отырып өткізілген жеке тұлға болып табылса;

"J" – егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы жеке тұлға болып табылса көрсетіледі.

21. 23 және 24-бағандарда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге арналған шарттың нөмірі және оны жасау күні көрсетіледі.

Егер 22-баған толтырылса, онда 23 және 24-бағандар толтырылмайды.

22. 25-бағанда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге арналған шартқа сәйкес ақы төлеу талаптары көрсетіледі.

23. 26-бағанда тәртіпке, оның ішінде іскерлік айналым тәртібіне (Инкотермс) сәйкес халықаралық операциялар үшін КОК № 378 шешіміне 13-қосымшада көзделген жеткізу талаптарының сыныптауышына сәйкес бас әріппен, латын қарпімен үш мәнді әріптік код көрсетіледі.

24. 27 және 28-бағандарда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

25. 29-бағанда КОК № 378 шешіміне 23-қосымшада көзделген валюталар сыныптауышына сәйкес валютаның коды көрсетіледі;

26. 30-бағанда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату бойынша айналым жасау күнінің алдындағы соңғы жұмыс күніне белгіленген валютаның нарықтық құны көрсетіледі.

27. 31-баған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің пайда болуының мынадай белгілері ескеріліп:

"1" – Тізбеге енгізілген тауарды, сондай-ақ Одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Тауар номенклатурасының (бұдан әрі – Одақтың СЭҚ ТН) коды мен атауы Одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген Тізбеге енгізілген тауарды өткізген жағдайда;

"2" – Тізбеге енгізілмеген тауарды, сондай-ақ Одақтың СЭҚ ТН коды мен атауы Одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген Тізбеге енгізілмеген тауарды өткізген жағдайда;

"3" – Одақтың СЭҚ ТН коды мен атауы Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген Тізбеге енгізілген тауарды өткізген жағдайда;

"4" – Одақтың СЭҚ ТН коды мен атауы Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген Тізбеге енгізілмеген тауарды өткізген жағдайда;

"5" – "1", "2", "3", "4" белгілеріне жатпайтын тауарды өткізген жағдайда;

"6" – жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен жағдайда толтырылады.

31-бағанын толтыру үшін:

1) Тізбеге енгізілген тауарлар деп Қазақстан Республикасының аумағына Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан әкелінген, баж

салығының, сондай-ақ осындай мөлшерлемелер мөлшерінің төмендетілген мөлшерлемелері қолданылуы мүмкін тауарлар түсініледі;

2) Одақтың СЭҚ ТН коды мен атауы Тізбеге енгізілген тауарлар деп Қазақстан Республикасының аумағына Одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарлар, сондай-ақ Одақ СЭҚ ТН коды мен атауы Тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар түсініледі.

28. 32-бағанда салық төлеуші өзінің есепке алу жүйелерінде пайдаланатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауына сәйкес келетін өткізілетін тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауы көрсетіледі.

Осы жол "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің пайда болу белгісі" деген 31-бағанда "3", "4", "5", "6" белгілеріне жататын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылады.

29. 33-бағанда Одаққа мүше мемлекеттер болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан импорттаған кезде тауар декларациясының негізгі (қосымша) парағының 31-бағанда немесе Одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импорттаған кезде тауарлар әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштің 2-бағанында жазылған тауардың атауы көрсетіледі.

Осы жол "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің пайда болу белгісі" деген 31-бағанда "1", "2" белгілеріне жататын тауарлар бойынша толтырылуы тиіс.

30. 34-бағанда ЭШФ бойынша тиеп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) және акцизді қоспай көрсетіледі.

31. 35-бағанда ЭШФ бойынша тиеп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны ҚҚС және акцизді қоса алғанда көрсетіледі.

32. 36, 37, 38, 39, 40, 41 және 42-бағандар бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысы және (немесе) өнімді бөлу туралы келісімнің әрбір қатысушысы және (немесе) бірлескен қызмет туралы шартта және өнімді бөлу туралы келісімде және (немесе) өнімді бөлу туралы келісім қатысушысы болып табылатын салық төлеушіге тауарлар жеткізу шартында айқындалған қатысушының қатысу үлесіне байланысты өнімді бөлу туралы келісім қатысушысы болып табылатын салық төлеушіге тауарлар жеткізу шарты бойынша әрбір жеткізуші бойынша 31, 32, 33, 34 және 35-бағандарға сәйкес толтырылады.

33. 43 және 44-бағандарда тапсыру шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша

жеткізушінің сенім білдірілген тұлғасы (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның БСН мен атауы көрсетіледі.

34. 45 және 46-бағандарда тапсыру шартының, өнімді бөлу туралы келісімнің, БСН 43-жолда көрсетілген сенім білдірілген тұлғаны (операторды) айқындайтын өзге құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Осы бөлім Салық кодексінің 426-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда, өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша толтырылмайды.

35. 47 және 48-бағандарда тапсыру шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша сенім білдірілген (оператор) тұлға болып табылатын заңды тұлғаның БСН мен атауы көрсетіледі.

36. 49 және 50-бағандарда тапсыру шартының, өнімді бөлу туралы келісімнің, БСН 47-жолда көрсетілген сенім білдірілген тұлғаны (операторды) айқындайтын өзге құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Осы бөлім Салық кодексінің 426-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда, өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша толтырылмайды.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат

№	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштің деректемелері (бұдан әрі – тауарларды әкелу туралы өтініш)		Белгісі – экспорт немесе импорт	Шот-фактура		Тауардың құны	Валюта коды	Тауарларды есепке қабылдау күні
	Нөмірі	Күні	Нөмірі	Күні		Нөмірі	Күні			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың деректемелері	Экспорттаушының немесе	Салық органының жанама салықтарды төленгені не қосылған құнға және (Бейрезиденттің деректемелері		

Нөмірі	Күні	импорттаушы н ы ң деректемелері	немесе) акциздерге салынатын салықтан босатылғаны туралы белгі қойған күні	Атауы	Сәйкестендір у коды (нөмірі)	Елдің коды
12	13	14	15	16	17	18

"Тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат" нысанына қосымша

"Тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

2. 3-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген күн көрсетіледі.

3. 4-бағанда тауарларды әкелу туралы өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

4. 5-бағанда тауарларды әкелу туралы өтініштің тіркеу нөмірі берілген күні көрсетіледі.

5. 6-бағанда тауардың бағыты көрсетіледі:

"1" – экспорт;

"2" – импорт.

6. 7-бағанда шот-фактураның нөмірі көрсетіледі.

7. 8-бағанда шот-фактура күні көрсетіледі.

8. 9-бағанда шот-фактурадан немесе көлік (тауардың ілеспе) құжаттарынан не тауардың сатып алынғанын немесе сатылғанын растайтын өзге құжаттан алынған мәліметтер негізінде тауардың құны көрсетіледі.

9. 10-бағанда "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" Кедендік одақ Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі №378 шешіміне (бұдан әрі – КОК №378 шешімі) 23-қосымшада көзделген бекітілген валюталар сыныптауышына сәйкес валютаның үш таңбалы санмен берілген коды көрсетіледі.

10. 11-бағанда импорттаушының немесе экспорт бойынша бейрезиденттің тауарды есепке алған күні көрсетіледі.

11. 12-бағанда шарттың (келісімшарттың) нөмірі (бар болса) көрсетіледі.

12. 13-бағанда шарттың (келісімшарттың) күні көрсетіледі.

13. 14-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының деректемелері көрсетіледі. Жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлға үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

14. 15-бағанда салық органының жанама салықтарды төленгені не қосылған құнға және (немесе) акциздерге салынатын салықты төлеуден босатылғаны туралы белгі қойған күні көрсетіледі.

15. 16, 17 және 18-бағандарда тиісінше бейрезиденттің атауы, сәйкестендіру коды (нөмірі), бейрезидент елінің әріптік коды КОК-тың №378 шешіміне 22-қосымшада көзделген әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

16. 3, 5, 8, 11, 13 және 15-бағандар сегіз цифрды мынадай тәртіппен: күнін, айын, жылын көрсету арқылы толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Тауарларға декларациялар, электрондық шот-фактуралар, тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрату

Ұсынады: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорттаушының немесе импорттаушының деректемелері	Бейрезиденттің деректемелері	Валюталық бақылау құжаты бойынша ақпарат		Өзге мәліметтер
Нөмірі	Күні			Коды	Нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7

"Тауарларға декларациялар, электрондық шот-фактуралар, тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрату" нысанына қосымша

"Тауарларға декларациялар, электрондық шот-фактуралар, тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштер бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрату" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 1-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

2. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген күні көрсетіледі.

3. 3-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының деректемелері көрсетіледі. Жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлға үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

4. 4-бағанда валюталық бақылау құжатында (бар болса) көрсетілген бейрезиденттің сәйкестендіргіші көрсетіледі.

5. 5-бағанда мыналар көрсетіледі:

1 – тауарға декларация;

2 – электрондық шот-фактура;

3 – тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш.

6. 6-бағанда валюталық бақылау құжатының нөмірі.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
11-қосымша
Нысан

Ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы жіберген тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштердегі өзгерістер туралы ақпарат

№	Ақпаратын мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің электрондық сұратуы негізінде жіберген тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі – тауарларды әкелу туралы өтініш) деректемелері			Кері қайтарылғанның орнына немесе импортталатын тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты ұсынылған тауарларды әкелу туралы жаңа өтініштің деректемелері	
	Нөмірі	Күні	Мәртебесі	Нөмірі	Күні
1	2	3	4	5	6

"Ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы жіберген тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштердегі өзгерістер туралы ақпарат" нысанына қосымша

"Ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы жіберген тауарларды әкелу және жанама салықтар төлеу туралы өтініштердегі өзгерістер туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. 2-бағанда ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) электрондық сұратуы негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің нөмірі көрсетіледі.

2. 3-бағанда ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банктің электрондық сұратуы негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің күні көрсетіледі.

3. 4-бағанда ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банктің электрондық сұратуының негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің мәртебесі көрсетіледі:

1 – алып тасталуына байланысты кері қайтарылды;

2 – жаңасына ауыстырылуына байланысты кері қайтарылды;

3 – бағасының өзгеруіне байланысты толықтырылды.

4. 5-бағанда кері қайтарылғанның орнына немесе импортталған тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты ұсынылған тауарларды әкелу туралы жаңа өтініштің нөмірі көрсетіледі.

5. 6-бағанда кері қайтарылғанның орнына немесе импортталған тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты ұсынылған тауарларды әкелу туралы жаңа өтініштің күні көрсетіледі.

6. 3 және 6-бағандар сегіз цифрды мынадай тәртіппен: күнін, айын, жылын көрсету арқылы толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бұрын алынған электрондық шот-фактуралар немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты өзінің ақпараттық жүйесінен алып тастау туралы хабарлама

Ұсынады: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Қайда жіберіледі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)

№	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт есептік нөмірінің деректемелері		Электрондық шот-фактураның немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің деректемелері	
	Нөмірі	Күні	Нөмірі	Күні

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бұрын алынған электрондық шот-фактуралар немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты өзінің ақпараттық жүйесінен алып тастау туралы хабарлама" нысанына қосымша

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бұрын алынған электрондық шот-фактуралар немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер бойынша ақпаратты өзінің ақпараттық жүйесінен алып тастау туралы хабарлама" нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. 2-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі;

2. 3-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір беру күні көрсетіледі;

3. 4-бағанда электрондық шот-фактураның немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4. 5-бағанда электрондық шот-фактураны немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті тіркеу нөмірін беру күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
13-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсына орналастырылған

"Банктік бақылаудың жеке карточкасы" № _____ / _____ / _____ (есепті айдың соңындағы жағдай бойынша)

Индексі: ЕІСС_3

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде

№	Нысан		
	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпараттың атауы	Жолдың коды	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпарат
1.	Банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберуге негіз:	10	
2.	Экспорттаушы немесе импорттаушы бойынша ақпарат:	20	
3.	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	21	
4.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)	22	
5.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	23	
6.	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі	24	
7.	Мекенжайы	25	
8.	Облыс коды	26	
9.	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері	30	
10.	Нөмірі	31	
11.	Күні	32	
12.	Уәкілетті банктің БСН:	40	
13.	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша ақпарат:	50	
14.	Экспорттың немесе импорттың белгісі	51	
15.	Нөмірі	52	
16.	Күні	53	
17.	Сомасы мың бірлікпен	54	
18.	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың валютасы	55	
19.	Бейрезидент бойынша ақпарат:	60	

20.	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	61	
21.	Елі	62	
22.	Репатриациялау мерзімі:	70	
23.	Бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы репатриациялау мерзімдерінде орындамаған міндеттемелерінің сомасы туралы ақпарат:	80	
24.	Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт валютасымен	81	
25.	Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі – АҚШ) долларымен	82	
26.	Ескертпе:	90	

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

"Банктік бақылаудың жеке карточкасы" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

"Банктік бақылаудың жеке карточкасы" Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Банктік бақылаудың жеке карточкасы" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк есепті айдан кейінгі айдың күніне дейінгі мерзімде (репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың) ай сайын жібереді.

4. Есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банк Нысанды толтырған кезде бейрезидент экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау мерзімінде экспорттаушының немесе импорттаушының алдындағы есепті айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомадағы орындамаған міндеттемелердің бар екендігі туралы қолда бар ақпаратты пайдаланады.

5. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда Нысан ұсынылмайды.

6. Деректерді түзету (өзгерістер, толықтырулар) Нысан ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейін 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру

7. Банктік бақылаудың жеке карточкасының нөмірі көлбеу сызықпен бөлінген екі бөліктен тұрады:

1) бірінші бөлікте есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің БСН көрсетіледі;

2) екінші бөлікте уәкілетті банк (оның филиалдарын ескере отырып) үшін банктік бақылаудың жеке карточкасының бірегей нөмірі көрсетіледі.

8. Коды 10-жолда "1" саны көрсетіледі – бейрезиденттің экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша репатриациялау мерзімінде экспорттаушы немесе импорттаушы алдындағы есептік айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларынан асатын сомадағы міндеттемелерді орындамауы.

Ұлттық Банкке банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберу күні экспорттаушы немесе импорттаушы есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) бейрезиденттің осы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша міндеттемелерін орындағанын растайтын немесе аталған шарт бойынша репатриациялаудың жаңа мерзімін белгілеу үшін негіз болып табылатын ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынбаса, банктік бақылаудың жеке карточкасы Ұлттық Банкке жіберіледі.

9. Егер коды 24-жолда "1" белгісі көрсетілсе, коды 22-жол экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсете отырып толтырылады.

10. Егер коды 24-жолда "2" белгісі көрсетілсе, коды 23-жол экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсете отырып толтырылады.

11. Егер экспорттаушы немесе импорттаушы заңды тұлға (оның филиалы) болып табылса, коды 24-жолда "1" белгісі немесе экспорттаушы немесе импорттаушы дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

12. Коды 26-жолда ҚР МС 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілерінің сыныптауышы" Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыныптауышына сәйкес экспорттаушының немесе импорттаушының заңды мекенжайы бойынша облыс кодының алғашқы 2 саны көрсетіледі.

13. Коды 31-жолда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері көрсетіледі.

14. Коды 32-жолда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі берілген күні көрсетіледі.

15. Коды 40-жолда есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банктің БСН көрсетіледі.

16. Коды 51-жолда мына белгілер көрсетіледі:

"1" – егер экспорт жөніндегі валюталық шарт;

"2" – егер импорт жөніндегі валюталық шарт.

17. Коды 52-жолда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың нөмірі (бар болса) көрсетіледі.

18. Коды 53-жолда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың күні көрсетіледі.

19. Коды 55-жолда ҚР ҰС 07 ISO 4217 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ұлттық сыныптауышына сәйкес валютаның әріптік белгісі көрсетіледі.

20. Коды 62-жол ҚР МС 06 ISO 3166.1 "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар. 1-бөлік. Елдердің коды" ұлттық сыныптауышын пайдалана отырып толтырылады.

21. Коды 70-жолда репатриациялау мерзімі көрсетіледі.

22. 81 және 82-жолдар валютаның мың бірлігімен толтырылады.

23. Коды 90-жолда уәкілетті банк басқа кез келген қосымша ақпаратты көрсетеді.

24. Банктік бақылаудың жеке карточкасы алдыңғы есепті кезеңдерде Ұлттық Банкке жіберілген болса және есепті кезеңде оны жіберу үшін негіз бар болса, уәкілетті банк алғашқы рет банктік бақылаудың жеке карточкасы жіберілген нөмірді көрсете отырып, кодтары 20-70-жолдардағы ақпарат өзгерген жағдайларды қоспағанда, осы жолдарды толтырмай, банктік бақылаудың жеке карточкасын жібереді.

25. Кодтары 32, 53-жолдар сегіз цифрды мынадай тәртіппен: күнін, айын, жылын көрсету арқылы толтырылады.

26. "Атауы", "Мекенжайы", "Телефоны", "Электрондық пошта мекенжайы", "Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам" және "Орындаушы" деген жолдар Нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған жағдайда толтырылады.

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Баламасы 100 000 (бір жүз мың) Америка Құрама Штаттары долларынан асатын сомада экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат

Индексі: EICC_4

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ айға

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: уәкілетті банк

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесіне) дейінгі (қоса алғанда) мерзімде

Нысан

Уәкілетті банктің бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

№	Экспорттаушы немесе импорттаушы жөніндегі ақпарат					
	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	БСН	Ж е к е сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Экспорттаушының немесе импорттаушының белгісі	Мекенжайы	Облыс коды
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат			
Экспорт немесе импорт белгісі	Белгісі – шығыс, кіріс	Сомасы	Ескертпе
8	9	10	11

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

"Баламасы 100 000 (бір жүз мың) Америка Құрама Штаттары долларынан асатын сомада экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

"Баламасы 100 000 (бір жүз мың) Америка Құрама Штаттары долларынан асатын сомада экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Баламасы 100 000 (бір жүз мың) Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ) долларынан асатын сомада экспорт немесе импорт бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді.

3. Уәкілетті банк Нысанды толтыру кезінде баламасы 10 000 (он мыңнан) бастап 50 000 (елу мың) АҚШ долларына дейінгі (қоса алғанда) сомаға жасалған экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша қолда бар ақпаратты пайдаланады

4. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

5. Деректерге түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейінгі 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. Егер 5-бағанда "1" белгісі көрсетілсе, 3-баған экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсету арқылы толтырылады.

7. Егер 5-бағанда "2" белгісі көрсетілсе, 4-баған экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсету арқылы толтырылады.

8. Егер экспорттаушы немесе импорттаушы заңды тұлға (оның филиалы) болып табылса, 5-бағанда "1" белгісі немесе егер экспорттаушы немесе импорттаушы дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

9. 6-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының заңды мекенжайы көрсетіледі.

10. 7-бағанда ҚР МС 11 "Әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыныптауышына сәйкес экспорттаушының немесе импорттаушының заңды мекенжайы бойынша облыстар кодының алғашқы екі саны көрсетіледі.

11. 8-бағанда мынадай белгілер көрсетіледі:

"1" - егер экспорт жөніндегі валюталық шарт болса;

"2" - егер импорт жөніндегі валюталық шарт болса.

12. 9-баған мына белгілерді ескере отырып толтырылады:

"1" - шығыс төлемі үшін (бейрезиденттің пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы);

"2" - кіріс төлемі үшін (экспорттаушының немесе импорттаушының пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы).

13. 10-бағанда АҚШ долларымен жүзеге асырылған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының жалпы сомасы көрсетіледі.

14. "Атауы", "Мекенжайы", "Телефоны", "Электрондық пошта мекенжайы", "Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам" және "Орындаушы" деген жолдар Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге
асыру қағидаларына
15-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2021 № 113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: есептік тіркеу банкі болып табылатын уәкілетті банкке (оның филиалына) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына ұсынылады

Әкімшілік деректердің нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Шетел банкіндегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат

Индексі: ЕІСС_5

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылатын шетелдік банкте шоты бар экспорттаушы немесе импорттаушы

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасына) дейін (қоса алғанда)

Нысан

Экспорттаушының немесе импорттаушының деректемелері			Шетел банкіндегі шот бойынша ақпарат				Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың деректемелері	
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН)	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Атауы	Елі	Нөмірі	Валютасы	Нөмірі	Күні	Нөмірі	Күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Экспорттаушының немесе импорттаушының міндеттемелерді бейрезиденттің пайдасына орындауы				Бейрезиденттің міндеттемелерді экспорттаушының немесе импорттаушының пайдасына орындауы			
Күні	Міндеттемелерді орындау тәсілінің коды	Мың бірлікпен сомасы	Ескертпе	Күні	Міндеттемелерді орындау тәсілінің коды	Мың бірлікпен сомасы	Ескертпе
13	14	15	16	17	18	19	20

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Мөр орны
(жеке кәсіпкерлік
субъектілерін қоспағанда)

"Шетел банкіндегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанға қосымша

"Шетел банкіндегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Шетел банкіндегі шот арқылы экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы ақпарат" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды есептік нөмір берілген экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылатын шетел банкінде шоты бар экспорттаушы немесе импорттаушы ұсынады.

4. Есепті кезеңде ақпарат болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

5. Деректерге түзетулер (өзгерістер, толықтырулар) Нысанды ұсыну үшін белгіленген мерзімнен кейінгі 6 (алты) ай ішінде енгізіледі.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 1-бағанда заңды тұлға үшін – атауы, жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

7. 2-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының БСН көрсетіледі.

8. 3-бағанда экспорттаушының немесе импорттаушының ЖСН көрсетіледі.

9. 4-бағанда экспорттаушы немесе импорттаушы шот ашқан шетел банкінің атауы көрсетіледі.

10. 5-бағанда шот ашылған шетел банкі орналасқан ел көрсетіледі.

11. 6-бағанда шетел банкіндегі шоттың нөмірі көрсетіледі.

12. 7-бағанда шетел банкінде ашылған шот валютасы көрсетіледі.

13. 8-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шарттың есептік нөмірі көрсетіледі.

14. 9-бағанда экспорт немесе импорт жөніндегі валюталық шартқа есептік нөмір берілген күні көрсетіледі.

15. 10-бағанда экспорт және импорт жөніндегі валюталық шарттың нөмірі (бар болса) көрсетіледі.

16. 11-бағанда экспорт және импорт жөніндегі валюталық шарттың күні көрсетіледі.

17. 13 және 17-бағандарда міндеттемелерді орындау күні көрсетіледі.

18. 14 және 18-бағандарда міндеттемелерді орындау тәсілінің кодтары көрсетіледі:

11 - аккредитив шеңберіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы;

12 - банк кепілдігі шеңберіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы;

13 - экспорт бойынша алдын ала ақы (импорт бойынша алдын ала жеткізу);

14 - экспорт бойынша тауарды тиегеннен кейін ақы төлеу (импорт бойынша тауарға ақы төлегеннен кейін жеткізу);

15 - бейрезидентке қойылатын талап ету құқығын басқа резидентке есепке алу, беру, резиденттің борышын басқа тұлғаға аудару;

16 - бейрезиденттің міндеттемелерді орындамауы тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алу ;

17 - вексельді беру;

18 - бағалы қағаздарды беру;

19 - жұмыстарды орындау, қызмет көрсету;

20 - Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы ішінде тауарлардың орнын ауыстыру;

29 - міндеттемелерді өзге де орындау.

19. 15 және 19-бағандарда сома шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

20. Қажет болған кезде есепке өзге қосымша ақпарат және түсіндірмелер берілген анықтама қоса беріледі.

21. "Атауы", "Мекенжайы", "Телефоны", "Электрондық пошта мекенжайы", "Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам" және "Орындаушы" деген жолдар Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 30 наурыздағы
№ 42 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша

келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7584 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 339-345 (27419) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі № 175 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12223 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 82 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13597 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 184 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14341 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).